ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 20 сәуір №210 Астана, Үкімет Үйі

Квазимемлекеттік сектордың сыртқы және ішкі қарыздарына мониторинг жүргізу және бақылау қағидаларын бекіту туралы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 199-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Квазимемлекеттік сектордың сыртқы және ішкі қарыздарына мониторинг жүргізу және бақылау қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі №210 қаулысымен бекітілген

Квазимемлекеттік сектордың сыртқы және ішкі қарыздарына мониторинг жүргізу және бақылау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Квазимемлекеттік сектордың сыртқы және ішкі қарыздарына мониторинг жүргізу және бақылау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 199-бабына сәйкес әзірленді және квазимемлекеттік сектордың сыртқы және ішкі қарыздарына мониторинг жүргізуді және бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың мақсаты квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы және ішкі борышы жай-күйінің мониторингі және Қазақстан Республикасының жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында көзделген шектеулердің сақталуын бақылау болып табылады.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) даму жоспары – акцияларының бақылау пакеті (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорынның, акционерлік қоғам және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің және ұлттық компанияның бесжылдық кезеңге арналған негізгі бағыттарын және қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын құжат;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы қарызы – қарыз берушісі Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын қарыз;

3) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі қарызы – қарыз берушісі Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын қарыз;

4) қарыз – ішкі және сыртқы нарықтарда тартылатын кредиттер, қарыздар, борыштық бағалы қағаздар және өзге де борыштық міндеттемелер;

5) қарыз алушы – сыртқы қарыздарын тарту, олардың көлемдерін Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу арқылы жүзеге асырылатын квазимемлекеттік сектор субъектісі;

6) мемлекеттік мүлік тізілімі – Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жедел басқаруындағы мүлікті және мемлекеттік материалдық резерві қоспағанда, мемлекеттік мүлікті есепке алудың бірыңғай ақпараттық автоматтандырылған жүйесі;

7) сыртқы борыш – Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы қарыз алушының белгілі бір күнге алған және өтелмеген қарыздарының сомасы;

8) ішкі борыш – Қазақстан Республикасының резиденттері алдындағы қарыз алушының белгілі бір күнге алған және өтелмеген қарыздарының сомасы.

2-тарау. Мониторингті жүзеге асыру тәртібі

4. Қарыз алушылардың сыртқы және ішкі борышының ағымдағы ахуалының мониторингі даму жоспарлары шеңберінде жүзеге асырылады.

5. Ішкі және сыртқы қарыздар қаражатының түсуін, борышты өтеу және оған қызмет көрсету бойынша төлемдерді тіркеуді және есепке алуды қарыз алушылар дербес жүзеге асырады.

6. Төлемдерді, борыш қалдығын есепке алу номиналды құн бойынша жүргізіледі. Борыштық бағалы қағаздарды есепке алу бастапқы орналастыру нәтижелері бойынша және номиналды құн бойынша жүзеге асырылады.

7. Қарыз алушылар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамын (бұдан әрі - қор) қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 бұйрығымен бекітілген Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларына 2-қосымшаның 11-нысанына сәйкес тізілімнің веб-порталында электрондық түрде мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізу үшін қарыз бойынша ақпаратты алдағы бесжылдық кезеңге қарыз тарту жоспарын көрсете отырып, тоқсан сайынғы негізде есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне дейін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

8. Қор «Мемлекеттік органдарға қажетті есептілікті Ұлттық әл-ауқат қорының интернет-ресурсына орналастыру қағидаларын, сондай-ақ есептіліктің тізбесін, нысандарын және орналастыру кезеңділігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қазандағы № 1384 қаулысымен бекітілген 6-нысанға сәйкес қордың интернет-ресурсында алдағы бесжылдық кезеңге арналған қарыз тарту жоспарын көрсете отырып, қарыздар бойынша ақпаратты тоқсан сайынғы негізде есепті айдан кейінгі айдың 30-ы күніне дейін орналастырады.

9. Қарыз алушылар тоқсан сайынғы негізде борыш бойынша ақпаратты қамтитын талдамалы жазбаны және жартыжылдық негізде ағымдағы жылға арналған сыртқы және ішкі қарыз алудың нақтыланған болжамын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Алдағы бесжылдық кезеңге қарыз тарту жоспары өзгерген жағдайда қарыз алушылар осы өзгерістерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келіседі.

10. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган тоқсан сайынғы негізде, есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 5-і күніне дейінгі мерзімде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға қарыздар бойынша жиынтық ақпаратты жібереді.

11. Қарыздар бойынша жиынтық ақпаратта:

1) есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніне қарыз алушылардың борышының жай-күйі туралы мәліметтер;

2) шығарылған борыштық бағалы қағаздардың, сондай-ақ бюджеттік кредиттердің және өзге борыштық міндеттемелердің жағдайы туралы деректер (орналастыру күні, сыйақы мөлшерлемесі, өтеу күні, айналым мерзімі, шығарылым және қызмет көрсету валютасы);

3) мерзімі өткен төлемдердің болуы және оларды төлеу туралы деректерді қоса алғанда, есепті кезеңде қарыздардың нақты түсуі, қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша жүргізілген төлемдер туралы деректер;

4) есепті кезеңде қарыздарды тарту туралы ақпарат;

5) алдағы бесжылдық кезеңге арналған қарыздарды тарту жоспары қамтылады.

3-тарау. Бақылауды жүзеге асыру тәртібі

12. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік борыштың жай-күйі туралы мәліметтерді есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының Жаңа бюджет саясаты тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында көзделген мынадай борыштық шектеулердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік борыш пен квазимемлекеттік сектор борышының жоғарғы шегі жиынтығында жалпы ішкі өнімге қатысты 60 %-дан аспауға тиіс. Борыштың жоғарғы шегін есептеуге мемлекет бақылайтын ұйымдардың өзара міндеттемелері және резидент емес бақыланатын ұйымдардың міндеттемелері енгізілмейді;

2) Үкімет борышы мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы борышының көлемі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының валюталық активтерінің мөлшерінен аспауға тиіс.

13. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган квазимемлекеттік сектор борышы есебін:

мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың ағымдағы жай-күйі туралы мәліметтердің;

қарыз алушылар борышының ағымдағы жай-күйі туралы мәліметтердің;

әлеуметтік-экономикалық даму болжамының макроэкономикалық көрсеткіштерінің (жалпы ішкі өнім, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының валюталық активтері, инфляция деңгейі, кірістердің өсу қарқыны) негізінде қалыптастырады.

14. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тоқсан сайынғы негізде, есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 10-күніне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға қарыз алушылар борышының жай-күйі және борыштық шектеулердің сақталуы туралы ақпаратты жібереді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 20 сәуір №211 Астана, Үкімет Үйі

Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 203-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі №211 қаулысымен бекітілген

Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидалары

1. Осы Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 203-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобаларды іске асыру үшін жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын игеру мәселелері жөніндегі ақпаратты қамтитын талдамалық жазбаны, сондай-ақ мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатын игермеу жағдайында мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатын уақтылы игеруге қатысты одан әрі шараларды қабылдау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды қоса бере отырып, есептілікті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне қағаз жеткізгіште және (немесе) «е-Қаржымині» біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне қағаз жеткізгіште, сондай-ақ осы Қағидаларға 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынады.

3. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 1-күніне мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуін мониторингтеу бойынша есептілікті Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын игеру туралы жиынтық ақпаратты қамтитын талдамалық жазбаны, сондай-ақ мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатын игермеу жағдайында мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатын уақтылы игеруге қатысты одан әрі шараларды қабылдау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 8 және 9-қосымшаларға сәйкес ұсынады.

4. Мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобаларды іске асыру үшін жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) жоғарыда көрсетілген нысандардың шынайылығы мен дұрыс ресімделуі және олардың бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидаларына 1-қосымша

1-нысан

Жобаны іске асыруға бағытталған мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының игерілуі туралы деректер_____
(қарыздың атауы, №, сомасы, валюта)

Есепті кезең: 20__жылғы «___»_____ жағдай бойынша

Индекс: 01-СҚИ

Кезеңділігі: ай сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік органдар: мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша).

Нысан қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне қарай.

Р/с №	Санат-тың атауы	Санаттың сомасы (АҚШ долл.)	Жауап-ты ұйым	Тауарларды, көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) жеткізуші фирма	Келісімшартқа қол қойылған күн
1	2	3	4	5	6
Жиыны					

кестенің жалғасы

Келісімшартың сомасы (АҚШ долл.)	Қаражаттың жұмсалғаны АҚШ долларында	Жұмсалғаны				Ескертпе
		ағымдағы жылы		бір ай ішінде		
		АҚШ долл.	теңге	АҚШ долл.	теңге	
7	8	9	10	11	12	13

Орталық атқарушы органның басшысы
(орталық атқарушы орган басшысының орынбасары)/Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адам)

М.О _____ _____
(қолы) А.Ә.Т. қолдың таратылып жазылуы

1-нысанға қосымша

«Жобаны іске асыруға бағытталған мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының игерілуі туралы деректер _____»
(қарыздың атауы, №, сомасы, валюта) нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) «_____ инвестициялық жобасын іске асыруға бағытталған мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының игерілуі туралы деректер» нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ай сайын мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) жасайды.

4. Нысанға орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары) немесе орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адам) қол қояды.

5. Қол қойылған нысан қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда «е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылады.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 1-бағанда мемлекеттік сыртқы қарыз шеңберінде келісімшарттың реттік нөмірі көрсетіледі.

7. 2-бағанда қарыз туралы келісімге сәйкес санаттардың атауы көрсетіледі.

8. 3-бағанда қарыз туралы келісімге сәйкес санаттардың сомасы көрсетіледі.

9. 4-бағанда жобаны іске асыруға жауапты ұйым көрсетіледі.

10. 5-бағанда тауарларды, көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) жеткізуші фирма көрсетіледі.

11. 6-бағанда келісімшартқа қол қойылған күн көрсетіледі.

12. 7-бағанда келісімшартқа қол қойылған күндегі бағам бойынша келісімшарттың сомасы көрсетіледі.

13. 8-бағанда мемлекеттік сыртқы қарызды іске асырудың барлық кезеңіне жұмсалған қаражаттың жалпы сомасы АҚШ долларымен көрсетіледі.

14. 9-бағанда ағымдағы жылы жұмсалған қаражат мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотынан шетел валютасын қайта айырбастау күніндегі бағам бойынша көрсетіледі.

15. 10-бағанда ағымдағы жылдағы жұмсалған қаражат мемлекеттік сыртқы қарыз шотынан қаражатты алған күндегі бағам бойынша көрсетіледі.

16. 11-бағанда бір айда жұмсалған қаражат мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотынан шетел валютасын қайта айырбастау күніндегі бағам бойынша көрсетіледі.

17. 12-бағанда бір айдағы жұмсалған қаражат мемлекеттік сыртқы қарыз шотынан қаражат алған күндегі бағам бойынша көрсетіледі.

18. 13-бағанда ескертпе көрсетіледі.

Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидаларына 2-қосымша

2-нысан

Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы ақпарат

Есепті кезең: 20__ жылғы _____

Индекс: 02-ҚТЖ

Кезеңділігі: ай сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік органдар: мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша).

Нысан қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне қарай.

Функционалдық топ	Қарыз беруші
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі	Қарыз нөмірі
Бағдарлама	Қызмет көрсететін қаржы мекемесі
Кіші бағдарлама	Арнайы шоттардың №№
Сыртқы қарыздың арнайы шоты	20__ ж «___» _____ кіріс қалдығы

Қарыз қаражатының түсуі (бюджет сыныптамасының коды)				
Қаражаттың түсу күні	Сомасы шетел валютасында (мың АҚШ долл.)		Сомасы теңгеде (мың теңге)	
	бір айдағы	жыл басынан бастап	бір айдағы	жыл басынан бастап
1	2	3	4	5
Жиыны				

кестенің жалғасы

Бюджет сыныптамасының коды	Сомасы шетел валютасында (мың АҚШ долл.)		Кассалық шығыстар (мың теңге)	
	бір айдағы	жыл басынан бастап	бір айдағы	жыл басынан бастап
6	7	8	9	10

Есепті кезеңде арнайы шоттағы бағамдық айырмашылық, мың теңгеде _____
20__ ж. «___» _____ сыртқы қарыздың арнайы шотындағы таза қалдық
Тікелей төлемдер

Қарыз қаражатын есептен шығару (бюджет сыныптамасының коды)				
Қаражаттың есептен шығарылған күні	Сомасы шетел валютасында (мың АҚШ долл.)		Сомасы теңгеде (мың теңге)	
	бір айдағы	жыл басынан бастап	бір айдағы	жыл басынан бастап
1	2	3	4	5
Жиыны				

кестенің жалғасы

Бюджет сыныптамасының коды	Сомасы шетел валютасында (мың АҚШ долл.)		Кассалық шығыстар (мың теңге)	
	бір айдағы	жыл басынан бастап	бір айдағы	жыл басынан бастап
6	7	8	9	10

Орталық атқарушы органның басшысы
(орталық атқарушы орган басшысының орынбасары)/Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адам)

М.О _____ _____
(қолы) А.Ә.Т. қолдың таратылып жазылуы

2-нысанға қосымша

«Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы ақпарат» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) «Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы ақпарат» нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ай сайын мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) жасайды.

4. Нысанға орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары) немесе орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адам) қол қояды.

5. Қол қойылған нысан қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда «е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылады.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Бірінші кестенің алдында қарыз берушінің атауы бойынша ақпарат мемлекеттік сыртқы қарыз нөмірі, арнайы шотқа қызмет көрсететін қаржы мекемесінің атауы, арнайы шоттардың және арнайы шоттарға шоттардың нөмірлері көрсетіледі.

Бірінші кесте бойынша:

6. 1-бағанда мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотына қаражаттың іс жүзінде түскен күні көрсетіледі.

7. 2-бағанда есепті айдағы мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотына қаражаттың түсу сомасы АҚШ долларымен көрсетіледі.

8. 3-бағанда жыл басынан бастап мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотына қаражаттың түсу сомасы АҚШ долларымен көрсетіледі.

9. 4-бағанда есепті айдағы мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотына қаражаттың түсу сомасы теңгемен көрсетіледі.

10. 5-бағанда жыл басынан бастап мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотына қаражаттың түсу сомасы теңгемен көрсетіледі.

11. 6-бағанда бюджет сыныптамасының кодына сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, бағдарламаның, кіші бағдарламаның және ерекшеліктерінің нөмірлері көрсетіледі.

12. 7-бағанда есепті айдағы мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотынан қаражаттың жұмсалу сомасы АҚШ долларында көрсетіледі.

13. 8-бағанда жыл басынан бастап мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотынан қаражаттың жұмсалу сомасы АҚШ долларында көрсетіледі.

14. 9-бағанда есепті айдағы мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотынан қаражаттың жұмсалу сомасы теңгеде көрсетіледі.

15. 10-бағанда жыл басынан бастап сыртқы қарыздың арнайы шотынан қаражаттың жұмсалу сомасы теңгеде көрсетіледі.

16. Мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотындағы қалдық сыйақы есептелмей есепті кезеңнен кейінгі айдың 1-күніндегі бағам бойынша көрсетілуі тиіс. Мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотындағы қалдық қаржы мекемесінде ашылған шот бойынша қаржы мекемесінің көшірме жазбасымен расталуы тиіс.

Екінші кесте бойынша:

17. 1-бағанда қарыз берушінің несие шотынан қаражаттың нақты түсу күні көрсетіледі.

18. 2-бағанда есепті айда қарыз берушінің несие шотынан қаражат түсімінің сомасы АҚШ долларында көрсетіледі.

19. 3-бағанда жыл басынан бастап қарыз берушінің несие шотынан қаражат түсімінің сомасы АҚШ долларында көрсетіледі.

20. 4-бағанда есепті айда қарыз берушінің несие шотынан қаражат түсімінің сомасы теңгеде көрсетіледі.

21. 5-бағанда жыл басынан бастап қарыз берушінің несие шотынан қаражат түсімінің сомасы теңгеде көрсетіледі.

22. 6-бағанда бюджет сыныптамасының кодына сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, бағдарламаның, кіші бағдарламаның және ерекшеліктерінің нөмірлері көрсетіледі.

23. 7-бағанда есепті айда қарыз берушінің несие шотынан қаражатты жұмсау сомасы АҚШ долларында көрсетіледі.

24. 8-бағанда жыл басынан бастап қарыз берушінің несие шотынан қаражатты жұмсау сомасы АҚШ долларында көрсетіледі.

25. 9-бағанда есепті айда қарыз берушінің несие шотынан қаражатты жұмсау сомасы теңгеде көрсетіледі.

26. 10-бағанда жыл басынан бастап қарыз берушінің несие шотынан қаражатты жұмсау сомасы теңгеде көрсетіледі.

Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидаларына 3-қосымша

3-нысан

Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының жұмсалуы туралы ақпарат

Есепті кезең: _____
(айы, жылы)

Индекс: 03-ҚЖ

Кезеңділігі: ай сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік органдар: мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша).

Нысан қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне қарай.

Функционалдық топ	Қарыз беруші
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі	Қарыз нөмірі
Бағдарлама	Қызмет көрсететін қаржы мекемесі
Кіші бағдарлама	Арнайы шоттардың №

Бюджеттік сыныптаманың коды	Бір жылға арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары	Есепті кезеңге арналған төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары	Есепті кезеңге арналған міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары	Тікелей төлемдерді қоса алғанда, қарыз қаражаты есебінен шығыстар	
				есепті айдағы	жыл басынан бастап
1	2	3	4	5	6
Жиыны					

Орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары)/Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттігі белгіленген тәртіппен жүктелген лауазымды адам)

М.О _____ _____
(қолы) А.Ә.Т. қолдың таратылып жазылуы

3-нысанға қосымша

«Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының жұмсалуы туралы ақпарат» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) «Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының жұмсалуы туралы ақпарат» нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) жасайды.

4. Нысанға орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары) немесе орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттігі белгіленген тәртіппен жүктелген лауазымды адам) қол қояды.

5. Қол қойылған нысан электрондық нысанда «е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылады.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 2-бағанда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес құрауыштар бойынша іс-шаралар (тауарлар, жұмыс және көрсетілетін қызметтер түрлері) көрсетіледі.

7. 3 және 4-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес жобаны іске асырудың барлық кезеңіне қарыз қаражаты есебінен 2-бағанда көрсетілген іс-шараларды қаржыландыру жоспары көрсетіледі. Бұл ретте шетел валютасындағы сома жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес көрсетіледі. Егер жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесінде немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасында шетел валютасындағы сома болмаса, теңгедегі сома Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленген бес жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын бекіту кезінде мақұлданған бағам бойынша аударылады.

8. 5 және 6-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес жобаны іске асырудың барлық кезеңіне республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражаты есебінен 2-бағанда көрсетілген іс-шараларды қаржыландыру жоспары көрсетіледі. Бұл ретте шетел валютасындағы сома жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесінде немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасында шетел валютасындағы сома болмаса, теңгедегі сома Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленген бес жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын бекіту кезінде мақұлданған бағам бойынша аударылады.

9. 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22-бағандарда қарыз қаражаты есебінен және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражаты есебінен қаржыландыру жоспарын бөліп тастау жоспарланған жылдың тоқсандары бойынша көрсетіледі.

10. 23, 24, 25, 26-бағандарда қаржыландыру жоспары қарыз қаражаты есебінен және жоспарланған жылға арналған республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражаты есебінен көрсетіледі.

Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидаларына 4-қосымша

4-нысан

_____жобасын дайындау мен іске асырудың_____жылға
(жобаның атауы) арналған жоспар-кестесі

Есепті кезең: ____ жыл

Индексі: 04-ПГ

Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік органдар: мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша).

Нысан қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне қарай.

Р/с №	Бекітілген ТЭН немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес құрауыштары бойынша іс-шаралар (тауарлар, жұмыс және көрсетілетін қызметтер түрлері)	Қаржыландыру жоспары (бекітілген ТЭН немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес)											
		жоба бойынша барлығы				жоспарланған жылдың тоқсандары бойынша							
						I				II			
		Қарыз сомасы		Қоса қарж/у сомасы		Қарыз сомасы		Қоса қарж/у сомасы		Қарыз сомасы		Қоса қарж/у сомасы	
		мың АҚШ долл.	мың теңге	мың АҚШ долл.	мың теңге	мың АҚШ долл.	мың теңге	мың АҚШ долл.	м

(Соңы. Басы 17-бетте)

туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 2013-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3.Нысанды мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) тоқсан сайын жасайды.

4. Нысанға орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары) немесе орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (орталық атқарушы орган жауапты хатшысының өкілеттіктері белгіленген тәртіппен жүктелген лауазымды адам) қол қояды.

5. Қол қойылған нысан электрондық және қағаз тасығыштарда ұсынылады.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 1-бағанда мемлекеттік сыртқы қариз есебінен қаржыландырылатын жобаны іске асыру жылы көрсетіледі.

7. 2 және 3-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемеге немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес қариз сомасы көрсетіледі. Егер жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесінде немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасында шетел валютасындағы сома болмаса, теңгедегі сома Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын бекіткен кезде мақұлданған бағам бойынша ауыстырылады.

8. 4 және 5-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру сомасы көрсетіледі. Егер жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесінде немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасында шетел валютасындағы республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру сомасы болмаса, теңгедегі сома Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленген бес жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын бекіту кезінде мақұлданған бағам бойынша ауыстырылады.

9. 6 және 7-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес жалпы қаржыландыру жоспары көрсетіледі.

10. 8 және 9-бағандарда есепті кезеңде іс жүзінде игерілген қариз қаражаты көрсетіледі.

11. 10 және 11-бағандарда есепті кезеңде республикалық бюджеттен қоса қаржыландырудың іс жүзінде игерілген қаражаты көрсетіледі.

12. 12 және 13-бағандарда қаражаттың жалпы нақты игерілуі көрсетіледі.

13. 14 және 15-бағандарда нақты игерілген қариз қаражатының жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес жоспарланғанған ауытқуы көрсетіледі.

14. 16 және 17-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес нақты игерілген республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының жоспарланғаннан ауытқуы көрсетіледі.

15. 18 және 19-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес қаражаттың нақты көлемінің жоспарланған қаражаттың жалпы көлемінен игерілген ауытқуы көрсетіледі.

Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидаларына 8-қосымша

8-нысан

Мемлекеттік сыртқы қариз қаражатының игерілуі туралы жиынтық есеп

Есепті кезең: 20___ жылғы «___»_____ жағдай бойынша

Индексі: 08-ҚТК

Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік орган: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 1-күніне қарай.

Р/с №	Қариз беруші	Жобаның атауы	Қариз нөмірі	Валюта	Қариз сомасы млн. АҚШ долларымен	Қариз қолданыла басталғаннан бері игерілгені	
						мың АҚШ долларымен	мың теңгемен
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны							

кестенің жалғасы

оның ішінде игерілгені				Жауапты ұйым
ағымдағы жыл		__ тоқсан		
мың АҚШ долларымен	мың теңгемен	мың АҚШ долларымен	мың теңгемен	
9	10	11	12	13

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы

М.О _____ _____
(қолы) А.Ә.Т. қолдың таратылып жазылуы

8-нысанға 1-қосымша

Жобаны іске асыруға бағытталған мемлекеттік сыртқы қариз қаражатының игерілуі туралы деректер

_____
(қарыздың атауы , №, сомасы, валюта)
20__жылғы «___»_____ жағдай бойынша

Р/с	Құрауыштың атауы	Құрауыштың сомасы	Жауапты ұйым	Тауарларды, көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) жеткізуші фирма	Келісім-шартқа қол қойылған күн	Келісім-шарт сомасы	Жұмсалған қаражат
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны							

8-нысанға 2-қосымша

«Мемлекеттік сыртқы қариз қаражатының игерілуі туралы жиынтық есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) «Мемлекеттік сыртқы қариз қаражатының игерілуі туралы жиынтық есеп» нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тоқсан сайын мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) ұсынған шоттардан үзіндінің және есептілік нысандарының негізінде жасайды.

4. Нысанға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы қол қояды.

5. Қол қойылған нысан электрондық және қағаз жеткізгіштерде ұсынылады.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 2-бағанда қариз берушінің атауы көрсетіледі.

7. 3-бағанда мемлекеттік сыртқы қарыздың және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатынан қаржыландырылатын жобаның атауы көрсетіледі.

8. 4-бағанда қариз нөмірі көрсетіледі.

9. 5-бағанда қариз валютасы көрсетіледі.

10. 6-бағанда қариз туралы келісімге сәйкес млн. АҚШ долларымен қариз сомасы көрсетіледі.

11. 7-бағанда қариз қолданыла басталғаннан бері қариз қаражатының игерілуі мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

12. 8-бағанда қариз қолданыла басталғаннан бері қариз қаражатының игерілуі мемлекеттік сыртқы қариз шотынан қаражатты алған күнгі бағам бойынша мың теңгемен көрсетіледі.

13. 9-бағанда қариз қаражатының ағымдағы жылы игерілуі мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

14. 10-бағанда қариз қаражатының ағымдағы жылы игерілуі мемлекеттік сыртқы қариз шотынан қаражатты алған күнгі бағам бойынша мың теңгеде көрсетіледі.

15. 11-бағанда есепті тоқсандағы қариз қаражатының игерілуі мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

16. 12-бағанда қариз қаражатының есепті тоқсандағы игерілуі мемлекеттік сыртқы қариз шотынан қаражатты алған күнгі бағам бойынша теңгеде көрсетіледі.

17. 13-бағанда қариз қаражатының игерілуіне жауапты ұйым көрсетіледі.

Нысанға қосымша бойынша:

18. 2-бағанда қариз туралы келісімге сәйкес құрауыштың атауы көрсетіледі.

19. 3-бағанда құрауыштың сомасы көрсетіледі.

20. 4-бағанда жобаны іске асыру үшін жауапты ұйым көрсетіледі.

21. 5-бағанда тауарларды, көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) жеткізуші фирма көрсетіледі.

22. 6-бағанда келісімшартқа қол қою күні көрсетіледі.

23. 7-бағанда келісімшарт сомасы көрсетіледі.

24. 8-бағанда жұмсалған қаражат көлемі көрсетіледі.

Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидаларына 9-қосымша

9-нысан

Мемлекеттік сыртқы қарыздарды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі туралы жиынтық есеп

Есепті кезең: 20___ жылғы «___»_____ жағдай бойынша

Индексі: 09-БҚИЖ

Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік орган: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 1-күніне қарай.

Р/с №	Қариз беруші	Жобаның атауы	Қариз нөмірі	Қоса қаржыландыру сомасы млн. АҚШ долларымен	Есепті кезеңнің басына игерілгені	
					мың АҚШ долларымен	мың теңгемен
1	2	3	4	5	6	7
Жиыны						

кестенің жалғасы

Оның ішінде игерілгені				Жауапты ұйым
ағымдағы жылы		__ тоқсан		
мың АҚШ долларымен	мың теңгемен	мың АҚШ долларымен	мың теңгемен	
8	9	10	11	12

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы

М.О _____
(қолы) А.Ә.Т. қолдың таратылып жазылуы

9-нысанға қосымша

«Мемлекеттік сыртқы қарыздарды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі туралы жиынтық есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) «Мемлекеттік сыртқы қарыздарды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі туралы жиынтық есеп» нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тоқсан сайын мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) ұсынған есептілік нысандарының негізінде жасайды.

4. Нысанға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы қол қояды.

5. Қол қойылған нысан электрондық және қағаз жеткізгіштерде ұсынылады.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 2-бағанда қарыз берушінің атауы көрсетіледі.

7. 3-бағанда мемлекеттік сыртқы қарыздың және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатынан қаржыландырылатын жобаның атауы көрсетіледі.

8. 4-бағанда қарыз нөмірі көрсетіледі.

9. 5-бағанда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру сомасы млн. АҚШ долларымен көрсетіледі.

10. 6-бағанда есепті кезеңнің басындағы төлем жүргізілген күндегі бағам бойынша республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

11. 7-бағанда есепті кезеңнің басындағы республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі мың теңгемен көрсетіледі.

12. 8-бағанда ағымдағы жылға республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі төлем жүргізілген күндегі бағам бойынша мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

13. 9-бағанда ағымдағы жылға республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі мың теңгемен көрсетіледі.

14. 10-бағанда есепті тоқсанға республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі төлем жүргізілген күндегі бағам бойынша мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

15. 11-бағанда есепті тоқсанға республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі мың теңгемен көрсетіледі.

16. 13-бағанда республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуіне жауапты ұйым көрсетіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 14 қараша №172 Астана қаласы

Көлік статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі №1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 260) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) «Автомобиль және қалалық электр көлігінің жұмысы туралы есеп» (коды 181112153, индексі 1-ТР (авто, электр), кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) «Автомобиль және қалалық электр көлігінің жұмысы туралы есеп» (коды 181112153, индексі 1-ТР (авто, электр), кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) «Дара кәсіпкерлердің жүк және жолаушыларды автомобильдермен тасымалдауын іріктемелі зерттеу сауалнамасы» (коды 182107073, индексі ТР-001, кезеңділігі апта сайын) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) «Дара кәсіпкерлердің жүк және жолаушыларды автомобильдермен тасымалдауын іріктемелі зерттеу сауалнамасы» (коды 182107073, индексі ТР-001, кезеңділігі апта сайын) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) «Кеме жүзетін ішкі су жолдарының ұзындығы және ішкі су көлігінің жылжымалы құрамы туралы есеп» (коды 181112154, индексі 1-ТР (ішкі су), кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) «Кеме жүзетін ішкі су жолдарының ұзындығы және ішкі су көлігінің жылжымалы құрамы туралы есеп» (коды 181112154, индексі 1-ТР (ішкі су), кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) «Көлік жұмысы туралы есеп» (коды 181101156, индексі 1-көлік, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) «Көлік жұмысы туралы есеп» (коды 181101156, индексі 1-көлік, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

9) «Теміржол желісінің пайдаланымдылық ұзындығының қашықтығы және теміржол көлігінің жұмысы туралы есеп» (коды 181112103, индексі 1-ЖД, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

10) «Теміржол желісінің пайдаланымдылық ұзындығының қашықтығы және теміржол көлігінің жұмысы туралы есеп» (коды 181112103, индексі 1-ЖД, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес;

11) «Теміржол көлігінің жылжымалы құрамы туралы есеп» (коды 181112175, индексі 2-ЖД, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес;

12) «Теміржол көлігінің жылжымалы құрамы туралы есеп» (коды 181112175, индексі 2-ЖД, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес;

13) «Қатынас түрлері бойынша көлік жұмысы туралы есеп» (коды 181112226, индексі 2-көлік, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес;

14) «Қатынас түрлері бойынша көлік жұмысы туралы есеп» (коды 181112226, индексі 2-көлік, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес;

15) «Қосалқы көлік қызметі кәсіпорындарының көрсететін қызметтері туралы есеп» (коды 181112191, индексі 2-ТР (қосалқы қызмет), кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес;

16) «Қосалқы көлік қызметі кәсіпорындарының көрсететін қызметтері туралы есеп» (коды 181112191, индексі 2-ТР (қосалқы қызмет), кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің төрағасы Н.АЙДАПКЕЛОВ

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі
Ж. Қасымбек _____
2017 жылғы 16 қараша

Мемлекеттік статистика органдары құпиялығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 172 бұйрығына 1-қосымша

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Приложение 1 к приказу Председателя Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 14 ноября 2017 года № 172

Аумақтық статистика органына ұсынылады
Представляется территориальному органу статистики

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)					
1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	**40 сағаттан артық** более 40 часов

Статистикалық нысан www.stat.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған
Статистическая форма размещена на интернет-ресурсе www.stat.gov.kz

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях»

Статистикалық нысан коды 181112153
Код статистической формы 181112153

1-ТР (авто, электр)
1-ТР (авто, электро)

Автомобиль және қалалық электр көлігінің жұмысы туралы есеп
Отчет о работе автомобильного и городского электрического транспорта

Жылдық Годовая **Есепті кезең** Отчетный период ☐☐☐☐ **жыл** год

Қызметкерлерінің санына қарамастан, қызметінің негізгі түрі - «Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау және тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтер» (Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасы (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) 49.4-кодына сәйкес), негізгі және қосалқы қызмет түрі «Құрлықтағы өзге де жолаушылар көлігі» (ЭҚЖЖ коды 49.3) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ (ЭҚЖЖ 49.31.2 және 49.31.3-кодтары) қалалық электр көлігі қызметтерін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер ұсынады
Укажите объем услуг по перевозке грузов по видам сообщений

Жол коды Код строки	Көрсеткіштің атауы Наименование показателя	Тасымалданған жүк, жолжүгі, жүк-жолжүгі, тонна Перевезено (транспортировано) грузов, багажа, грузобагажа, тонн	Жүк айналымы, мың тонна-километр Грузооборот, тысяч тонно-километров	Жүк, жолжүгі, жүк-жолжүгі тасымалынан түскен табыс, мың теңге Доходы от перевозки (транспортировки) грузов, багажа, грузобагажа, тысяч тенге
А	Б	1	2	3
1	**Барлық қатынастардағы барлығы** Всего во всех сообщениях			
	соның ішінде: в том числе:	X	X	X
1.1	**халықаралық** международное			
	из него: один:	X	X	X
1.1.1	экспорт			
1.1.1.1	**ЕЭО[2] елдеріне** страны ЕАЭС[2]			
1.1.1.2	**ЕЭО-тан тыс елдеріне** страны вне ЕАЭС			
1.1.2	импорт			
1.1.2.1	**ЕЭО елдерінен** страны ЕАЭС			
1.1.2.2	**ЕЭО -тан тыс елдерінен** страны вне ЕАЭС			
1.1.3	транзит			

Ескертпе:
Примечание:
[2] **ЕЭО – мұнда және бұдан әрі – Еуразиялық экономикалық одақ**
[2] ЕАЭС – здесь и далее – Евразийский экономический союз

1.2	**республикаішілік** внутриреспубликанское			
1.2.1	**облыс ішіндегі** внутриобластное			
1.2.2	**облысаралық** межобластное			
1.3	**қаламаңы** пригородное			
1.4	**қалалық** городское			

4. Қатынас бөлінісінде түрлері бойынша жүктерді тасымалдау көлемдерін көрсетіңіз
Укажите объемы по перевозке грузов по видам в разрезе сообщений

| Жол коды Код строки | Жүк түрлерінің атауы[3] Наименование видов грузов[3] | Жүк түрлерінің коды Код видов грузов | Тасымалданған жүк, жолжүгі, жүк-жолжүгі, тонна Перевезено (транспортировано) грузов, багажа, грузобагажа, тонн | соның ішінде в том числе | | | | | | | Жүк, жолжүгі, жүк-жолжүгі тасымалынан түскен табыс, мың теңге Доходы от перевозки (транспортировки) грузов, багажа, грузобагажа, тысяч тенге |

(Жалғасы. Басы 18-21-беттерде)

11. Қайталама қызмет түрлері бойынша өндірілген өнім (жұмыс, қызмет) көлемдерін көрсетіңіз, мың теңге
Укажите объемы произведенной продукции (работ, услуг) по вторичным видам деятельности, тысяч тенге

Жол коды Код строки	Қызмет түрінің атауы Наименование вида деятельности	ЭҚЖЖ[7] коды Код ОКЭД[7]	Қайталама қызмет түрлері бойынша өндірілген өнім (жұмыс,көрсетілетін қызметтер) көлемдері Объем произведенной продукции (работ, услуг) по вторичным видам деятельности
А	Б	В	1
1	**Барлығы** Всего	Х	
	соның ішінде в том числе	Х	Х
1.1			
1.2			
1.3			
1.4			
1.5			
1.6			
1.7			
1.8			
1.9			

Ескертпе:
Примечание:
[7] **Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасы (5-таңбалы ЭҚЖЖ) Статистика комитетінің www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Жіктеуіштер» бөлімінде орналасқан**
[7] Номенклатура видов экономической деятельности (ОКЭД 5-ти значный) размещена на интернет-ресурсе Комитета по статистике www.stat.gov.kz в разделе «Классификаторы»

Атауы Наименование_____ **Мекенжайы** Адрес_____

Телефоны Телефон_____

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің) Адрес электронной почты (респондента) _____

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз* Согласны на распространение первичных статистических данных* ☐

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз* Не согласны на распространение первичных статистических данных* ☐

Орындаушы Исполнитель_____
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) **қолы, телефоны** подпись, телефон

Бас бухгалтер Главный бухгалтер_____
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) **қолы** подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) **қолы** подпись

Мөрдің орны (бар болған жағдайда) Место для печати (при наличии

Ескертпе:
Примечание:
* **Аталған тармақ «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады**
* Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан «О государственной статистике»

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы №172 бұйрығына 14-қосымша

«Қатынас түрлері бойынша көлік жұмысы туралы есеп» (коды 181112226, индексі 2-көлік, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы «Қатынас түрлері бойынша көлік жұмысы туралы есеп» (коды 181112226, индексі 2-көлік, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Қатынас түрлері бойынша көлік жұмысы туралы есеп» (коды 181112226, индексі 2-көлік, кезеңділігі жылдық) (бұдан әрі – Статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.
2. Келесі терминдер осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:
1) ауданалық (қаралық, облыстық) – бір облыс шегіндегі, әртүрлі аудандарда орналасқан елді мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе облыстық маңызы бар қалалармен елді мекендерді жалғастыратын тасымалдаулар;
2) қалалық (ауылдық) – елді мекеннің белгіленген шекарасының шегіндегі тасымалдау;
3) қала маңындағы – елді мекеннің белгіленген шекарасынан бастап есептелетін, ұзақтығы елу километрге дейінгі қала маңындағы аймақтағы елді мекеннен жалғастыратын бағыттар бойынша тасымалдау;
4) облысаралық қалааралық – әртүрлі облыстардағы елді мекендердің арасында жүзеге асырылатын немесе республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен елді мекендерді жалғастыратын тасымалдаулар;
5) республикаішілік – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер арасындағы тасымалдаулар;
6) халықаралық – Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тасымалдаулар.
3. Статистикалық нысан келесі көлік түрлері бойынша толтырылады:
1) Автомобиль көлігі;
2) Теміржол көлігі;
3) Әуе көлігі;
4) Ішкі су көлігі;
5) Теңіз көлігі;
6) Құбыржол көлігі.
3.1 Автомобиль көлігі.
Автомобиль көлік кәсіпорындары 1,2,3,4,5 және 11-бөлімді толтырады.
2-бөлімнің 1-бағаны 1.1.1, 1.2.1.1, 1.2.2.1, 1.3.1, 1.4.1- жолдарында қолданылатын тарифтерге қарамастан, сондай-ақ тегін жол жүру құқығын немесе кәсіпорындар (ұйымдар) төлеген жол жүру құжаттарын пайдаланатын жолаушыларды қоса алғанда, барлық тасымалданған жолаушылар саны көрсетіледі.
Маршруттық автобустармен тасымалданған жолаушылар саны сатылған билеттер саны бойынша анықталады.
Тасымалдаудың билетсіз жүйесі болғанда маршруттық автобустармен тасымалданған жолаушылар саны жол жүру құнына байланысты, алынған табысты қолданылатын тарифке бөлу арқылы сараланып анықталады.
Тапсырыстағы автобустармен тасымалданған жолаушылар саны былайша есептелінеді:
1) қалалық және қаламаңылық қатынастарында (туристік-экскурсиялық автобустардан басқа) - жолаушылар айналымын (есептік) қала маңындағы қатынаста жолаушы сапарының орташа қашықтығына бөлу арқылы, егер шаруашылықта мұндай деректер болмаса, онда есептеу үшін 15 километрге тең қашықтық алынады;
2) республикаішілік және халықаралық қатынастарда, сондай-ақ қатынастың барлық түріндегі туристік - экскурсиялық автобустарда - жол қағазында көрсетілген жолаушылар санына тең етіп қабылданады, бірақ автобуста отыруға арналған орындар санынан аспауы тиіс.
2-бөлімнің 1-бағаны 1.1.2, 1.2.1.2, 1.2.2.2, 1.3.2, 1.4.2-жолдары олардың автомобиль-километрдегі ақылы жүрген жолын таксидегі жолаушылардың орташа санына көбейтіп және нәтижесін жолаушылады тасымалдаудың орташа ара қашықтығына бөлумен анықталады. Таксидегі жолаушылардың орташа саны екі жолаушыға тең деп алынады. Таксимен жолаушылар тасымалдаудың орташа ара қашықтығы қала маңына қатынайтын автобуспен жолаушылар тасымалдаудың орташа ара қашықтығына тең деп алынады.
2-бөлімнің 1-бағаны 1.4.1-жолында маршруттық автобустармен тасымалданған ақылы жолаушылар саны:
1) кондукторлары бар автобустарда сатылған билеттердің саны бойынша;
2) маршруттық автобуспен жол жүру үшін абонементтік талондар мен бір жолғы билеттерді сатудан түскен түсімді осы қала (маршрут) үшін бекітілген тарифке бөлу арқылы;
3) айлық жол жүру билеттерін сатқан кезде - сатылған билеттер санын бір айдағы жол жүрудің есептік санына көбейту арқылы анықталады.
2-бөлімнің 1-бағаны 1.4.3, 1.4.4-жолдарына ақылы жол жүретін азаматтарды және тегін жүру құқығын пайдаланатындарды тасымалдау жатады.
Жолақы төлейтін жолаушылар саны мынадай құжаттар негізінде анықталады:
1) кондуктормен бірге бір жолаушы - сапарына белгіленген тариф бойынша бір жолғы билетті жеке азаматтарға сату кезінде, тасымалданған жолаушылар саны сатылған билеттердің санына тең етіп қабылданады;
2) кондукторсыз бір жолаушы - сапарына белгіленген тариф бойынша абонементтік талондар мен бір жолғы билеттерді жеке азаматтарға сату кезінде тасымалданған жолаушылар саны абонементтік талондар мен бір жолғы билеттерді сатудан түскен түсімді осы қала үшін белгіленген бірыңғай тарифке бөлу арқылы анықталады.
Республикаішілік тасымалдауға – қаланың (басқа елді мекеннің) шегінен тыс 50 километрден аса қашықтыққа тасымалдау жатады.
Қаламаңылық тасымалдауға қаланың (басқа елді мекеннің) шегінен тыс 50 километрге дейін қашықтықты қоса тасымалдау жатады.
Автобус, трамвай, троллейбус көлігімен қалалық тасымалдауға қала (басқа елді мекен) шегіндегі маршруттарда жүзеге асырылатын тасымалдау жатады.
Тасымалданған жолаушылар саны барлық санаттағы адамдар үшін бір айда 50 сапар есебінен анықталады.
2-бөлімнің 2-бағанында жолаушылар айналымы тасымалдаудың әрбір позициясы бойынша жолаушылар санын тасымалдау қашықтығына көбейтудің қосындысымен анықталады.
2-бөлімнің 2-бағаны 1.1.1, 1.2.1.1, 1.2.2.1, 1.3.1, 1.4.1-жолдары тасымалданған жолаушылар санының сапардың орташа қашықтығына көбейтіндісі ретінде анықталады.
2-бөлімнің 2-бағаны 1.1.2, 1.2.1.2, 1.2.2.2, 1.3.2, 1.4.2-жолдары таксидің ақылы жүрген жолын тасымалданған жолаушылардың орташа санына (екі жолаушыға тең) көбейту арқылы анықталады.
2-бөлімнің 2-бағаны 1.4.3, 1.4.4-жолдары тасымалданған жолаушылар санын жолаушы сапарының орташа қашықтығына көбейту арқылы анықталады.
2-бөлімнің 3-бағаны 1.1.1, 1.2.1.1, 1.2.2.1, 1.3.1, 1.4.1-жолдарына жол жүру билеттерінің барлық түрлерін сатудан (жеке азаматтарға, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарға) түскен нақты ақшалай түсімінің жалпы сомасы, сондай-ақ тапсырыстық автобустармен жолаушыларды тасымалдаудан түскен ақшалай түсім қосылады.
2-бөлімнің 3-бағаны 1.1.2, 1.2.1.2, 1.2.2.2, 1.3.2, 1.4.2-жолдарына таксилермен жолаушыларды тасымалдаудан алынған ақшалай түсімнен басқа (таксилерге телефон арқылы алдын ала тапсырыс беруден түсетін табыстарды есепке алғанда), сонымен қатар байланыс органдарының пошта мен мерзімдік басылымдарды тасымалдауынан қолма-қол ақшасын есеп айыру бойынша түскен табыстар да қосылады.
2-бөлімнің 3-бағаны 1.4.3, 1.4.4-жолдарына жеке азаматтарға, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарға жол жүру құжаттарының барлық түрін сатудан түскен нақты ақшалай түсімнің жалпы сомасы енгізіледі.
Жолаушыларды тасымалдаудан түскен табыстарға жолаушылар тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтер үшін дотациялар мен субсидиялар да қосылады.
3-бөлімнің 1-бағаны 1-жолына жүк автомобильдерімен, пикаптармен, жеңіл автомобиль шассиндегі фургондармен және автотіркемелермен орындалған тасымалданған жүктің қосынды көлемдері қосылады. Тасымалданған жүктерді есепке алу келу мезеті бойынша жүзеге асырылады. Тасымалданған жүктер көлемі ыдыс салмағын, әрбір жүргендегі контейнерлер салмағын ескере отырып, тасымалданған жүктің нақты салмағы бойынша көрсетіледі.
Автомобиль көлігіндегі 3-бөлімнің 2-бағаны 1-жолы бойынша әрбір жүрісте тасымалданған жүк салмағын (автотіркемелермен тасымалданған жүктерді қоса алғанда) жүріс қашықтығына көбейтіп, кейін барлық жүрістер бойынша көбейтіндісін қосындылаумен анықталады.
3-бөлімнің 3-бағаны 1-жолы және 4-бөлімнің 9-бағаны 1-жолы қолданыстағы тарифтер бойынша тасымалданған жүктер саны туралы құжаттар немесе жасалған шарттар негізінде есептеледі.
3-бөлімнің барлық бағандарының 1.1.1-жолында есепті кезеңде барлық жаңа немесе бар болған тауарлар, сатылған немесе шетелге берген тауарлар экспортқа тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.
3-бөлімнің барлық бағандарының 1.1.2-жолында есепті кезеңде ақысы төленген немесе ақысыз берілген, жаңа немесе бар болған барлық тауарларды импортқа тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.
3-бөлімнің барлық бағандарының 1.1.3-жолында транзитті тасымалдауға шет елдік мемлекеттердің Қазақстан Республикасы аумағы арқылы жүк жіберушілер және жүк қабылдаушылар арасында жүзеге асырылатын жүктерді тасымалдаудың жиынтығы ретінде анықталады.
3-бөлімнің 3-бағанында және 4-бөлімнің 9-бағанында жүктерді тасымалдаудан түскен табыстар кірепұл және жекеменшік (меншікті) және жалға алынған вагондармен бос жолжүру ақысынан, қосымша жиналымнан, теміржол әкімшілігі арасынан жүк тасымалдау есебінен құралады. Жолжүгін тасымалдаудан түскен табыстар кірепұл және бағаж түбіртектерінде көрсетілген қосымша алымдар сомасы бойынша анықталады.
4-бөлімнің «Жүк түрлерінің атауы» Б бағанында «Қатынас түрлері бойынша көлік жұмысы туралы есеп» (коды 181112226, индексі 2-көлік, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанына қосымшасында келтірілген Жүк түрлерінің тізбесіне сәйкес жүктің түрлері көрсетіледі.
4-бөлімнің 1.22 - жолында қауіпті жүктер есептелінеді. Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі - БҰҰ) әзірлеген қауіпті жүктер тізбесін қамтитын Қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша ұсынымдарына (18-ші қайта қарастырылған басылым, Нью-Йорк және Женева, 2013 жыл) сәйкес теміржол көлігімен тасымалданатын жүктер қауіпті жүктерге жатады. Қауіпті жүктер келесі кластарға бөлінеді:
1 - класс: Жарылыс заттар мен бұйымдар;
2 - класс: Газдар;
3 - класс: Оңай тұтанатын сұйықтықтар;
4 - класс: Оңай тұтанатын қатты заттар; өздігінен жануға келетін заттар; су тигенде оңай тұтанатын газды бөліп шығаратын заттар;
5 - класс: Тотығатын заттар мен органикалық пироксидтер;
6 - класс: Уландырғыш және жұқпалы заттар;
7 - класс: Радиоактивті материалдар;
8 - класс: Тотығатын заттар;
9 - класс: Қоршаған орта үшін қауіпті заттарды қоса алғанда басқа да қауіпті заттар мен бұйымдар.
Қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша ұсынымдар БҰҰ –ның www.unece.org интернет-ресурсында орналасқан.
Бұдан басқа қауіпті жүктер тізбесіне Қазақстан Республикасында қабылданған қауіпті жүктердің түрлері кіреді.
5-бөлімнің 1-жолында келесі:
1) жүктерді көліктік өңдеу және сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерінен (жүк және багажды тиеу және түсіру, жүкті бекіту және түсіру (стивидорлық жұмыстар), тауарлардың барлық түрлеріне арналған қоймалау қызметтері, сыртқы сауда аймақтарында тауарларды сақтау);
2) өзге де қосалқы көлік қызметтерінен (терминал қызметтері (теміржол вокзалдары мен станциялары), теміржол жолдарын пайдалану қызметтері, азаматтарды көлік құралдарын сақтау бойынша қызметтер және тағы да басқалар);
3) жүк тасымалдауды ұйымдастыру бойынша қызметтерінің (жүкті экспедициялау, көлік құжаттамалары мен жол парақтарын дайындау, кеден агенттерінің қызметтері) табыстары көрсетіледі.
5-бөлімнің 1-бағанының 2-жолында жасалған жалға беру шартына сәйкес көлік құралын жүргізушісімен жалға беруден түскен табыс көрсетіледі.
11-бөлімде үшінші тұлғалар үшін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу мақсатында жүзеге асырылатын негізгі қызмет түріне жатпайтын қызмет түрі көрсетіледі.
11-бөлімнің Б бағанында Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сәйкес 5 таңба бөлінісінде - қызметтің қосалқы түрлерінің атаулары, ал «ЭҚЖЖ коды» бағанында 5-таңбаға дейін ЭҚЖЖ сәйкес саланың коды көрсетіледі.
3.2 Теміржол көлігі.
Теміржол көлігі кәсіпорындары 1, 2, 3, 4, 5 - бөлімдерді және 11-бөлімді толтырады.
2-бөлімнің 1-бағанында жолаушыларды қатынас түрлері бойынша теміржол көлігімен тасымалдаулар халықаралық, республикаішілік және қала маңы болып бөлінеді.
Жолаушыларды тасымалдау жөнелтілген, транзиттік және жеткізілген, сондай-ақ қала маңындағы қатынаста тасымалданған жолаушылар сомасын қамтиды. Жолаушыларды тасымалдау статистикасындағы байқау бірлігі жолаушы-сапар болып саналады. Бір бағытта екі пункт аралығындағы бір жолаушының әрбір сапары жолаушылар санын есепке алу объектісі болып саналады.
2-бөлімнің 2-бағанында жолаушылар айналымы жол бөлімшесінің, теміржолдың және тасымалданған жолаушылар санын есепке алынған тасымал қашықтығына көбейту арқылы есептелетін жолаушы-километрдегі тараптар бойынша орындалған жұмыстардың көлемін сипаттайды.
2-бөлімнің 3-бағанында жолаушыларды тасымалдаудан түскен табыстарға кірепұл сомасы және жылдамдыққа, жатын орынға, купелік және жұмсақ вагондағы жол ақысы және басқалары үшін әртүрлі қосымша төлемдер қосылады. Жолаушыларды тасымалдаудан түскен табыстарға жолаушылар тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтері берілген дотациялар мен субсидиялар қосылады.
3-бөлімнің 1-бағанында теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау әкелу бойынша есептеледі. Жөнелту деп бір пунктіден екінші пунктіге жөнелтілген және тасымалдау құжаттарымен рәсімделген жекеменшік (меншікті) және бос жағдайдағы жалға алынған вагондардағы жүктің, жолжүгінің, жүк-жолжүгінің жеке партиясын айтады. Жөнелтілген жүктер саны тасымалдау құжаттарында көрсетілген салмаққа сүйене отырып, оған ыдыстың, сондай-ақ тасымалдау кезінде қолданылатын барлық құралдар мен жабдықтардың салмағын қоса анықталады. Жекеменшік (меншікті) және бос жағдайдағы жалға алынған вагондардағы тасымалданған санын әрбір вагондардың салмағынан анықталады.
3-бөлімнің 2-бағанында тасымалдау қашықтығын есепке ала отырып, жүктерді жеткізу бойынша тасымалдау жұмысының көлемі көрсетіледі. Әрбір жөнелтілген жүк массасының тоннамен тасымалдау қашықтығына көбейтіндісінің жиынтығы ретінде анықталады.
3-бөлімнің барлық бағандарының 1.1.1-жолында есепті кезеңде жөнелту станциясы шетел мемлекетінің аумағында, ал жеткізу станциясы Қазақстан Республикасының аумағында экспортқа тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.
3-бөлімнің барлық бағандарының 1.1.2-жолында есепті кезеңде жөнелту станциясы шетел мемлекетінің аумағында, ал жеткізу станциясы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан импорт бойынша тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.
1.1.3-жол бойынша жіберу және белгілеу станциялары Қазақстан Республикасының шектерінен тыс орналасқан Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүзеге асыратын тасымалданған жүк есептеледі.
3-бөлімнің 3-бағанында және 4-бөлімнің 9-бағанында жүктерді тасымалдаудан түскен табыстар кірепұлдан, жекеменшік (меншікті) және жалға алынған вагондармен бос жолжүру ақысынан, қосымша жиналымнан, теміржол әкімшілігі арасынан жүк тасымалдау есебінен құралады. Жолжүгін тасымалдаудан түскен табыстар кірепұл және бағаж түбіртектерінде көрсетілген қосымша алымдар сомасы бойынша анықталады.
4-бөлімнің «Жүк түрлерінің атауы» Б бағанында «Қатынас түрлері бойынша көлік жұмысы туралы есеп» (коды 181112226, индексі 2-көлік, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанына қосымшасында келтірілген Жүк түрлерінің тізбесіне сәйкес жүктің түрлері көрсетіледі.
4-бөлімнің 1.22 - жолында қауіпті жүктер есептелінеді. Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі - БҰҰ) әзірлеген қауіпті жүктер тізбесін қамтитын Қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша ұсынымдарына (18-ші қайта қарастырылған басылым, Нью-Йорк және Женева, 2013 жыл) сәйкес теміржол көлігімен тасымалданатын жүктер қауіпті жүктерге жатады. Қауіпті жүктер келесі кластарға бөлінеді:
1 - класс: Жарылыс заттар мен бұйымдар;
2 - класс: Газдар;
3 - класс: Оңай тұтанатын сұйықтықтар;
4 - класс: Оңай тұтанатын қатты заттар; өздігінен жануға келетін заттар; су тигенде оңай тұтанатын газды бөліп шығаратын заттар;
5 - класс: Тотығатын заттар мен органикалық пироксидтер;
6 - класс: Уландырғыш және жұқпалы заттар;
7 - класс: Радиоактивті материалдар;
8 - класс: Тотығатын заттар;
9 - класс: Қоршаған орта үшін қауіпті заттарды қоса алғанда басқа да қауіпті заттар мен бұйымдар.
Қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша ұсынымдар БҰҰ –ның www.unece.org интернет-ресурсында орналасқан.
Бұдан басқа қауіпті жүктер тізбесіне Қазақстан Республикасында қабылданған қауіпті жүктердің түрлері кіреді.
5-бөлімнің 1-жолында келесі:
1) жүктерді көліктік өңдеу және сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерінен (жүк және багажды тиеу және түсіру, жүкті бекіту және түсіру (стивидорлық жұмыстар), тауарлардың барлық түрлеріне арналған қоймалау қызметтері, сыртқы сауда аймақтарында тауарларды сақтау);
2) өзге де қосалқы көлік қызметтерінен (терминал қызметтері (теміржол вокзалдары мен станциялары), теміржол жолдарын пайдалану қызметтері, азаматтарды көлік құралдарын сақтау бойынша қызметтер);
3) жүк тасымалдауды ұйымдастыру бойынша қызметтерінің (жүкті экспедициялау, көлік құжаттамалары мен жол парақтарын дайындау, кеден агенттерінің қызметтері) табыстары көрсетіледі.
5-бөлімнің 1-бағанының 2-жолында жасалған жалға беру шартына сәйкес көлік құралын жүргізушісімен жалға беруден түскен табыс көрсетіледі.
11-бөлімде үшінші тұлғалар үшін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу мақсатында жүзеге асырылатын негізгі қызмет түріне жатпайтын қызмет түрі көрсетіледі.
11-бөлімнің Б бағанында Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сәйкес 5 таңба бөлінісінде - қызметтің қосалқы түрлерінің атаулары, ал «ЭҚЖЖ коды» бағанында 5-таңбаға дейін ЭҚЖЖ сәйкес саланың коды көрсетіледі.
3.3 Әуе көлігі.
Әуе көлік кәсіпорындары 1, 2, 3, 4, 5, 7, 9 және 11-бөлімдерді толтырады.
2-бөлімнің 1-бағанында әуе көлігімен тасымалданған жолаушылар саны есепті кезеңде азаматтық авиация ұшақтарымен тасымалданған барлық жолаушылар санының жиынтығы ретінде көрсетіледі. Жолаушыларды тасымалдау статистикасындағы байқау бірлігі жолаушы-сапар болып саналады.
2-бөлімнің 2-бағанында әуе көлігіндегі жолаушылар айналымы әрбір ұшу учаскесінде тасымалданған жолаушылар санын осы учаскеге сәйкес пайдалану қашықтығына көбейтудің жиынтығы ретінде анықталады. Өлшем бірлігі жолаушы-километр, яғни жолаушының 1 километр қашықтыққа орын ауыстыруы болып табылады.
2, 3-бөлімдердің 3-бағанында табыстар халықаралық әуе желілері, ішкі қатынас желілері бойынша жолаушылар, почта мен жүк тасымалынан түскен табыстарды көрсетіледі.
3-бөлімнің 1-бағанында әуе көлігінде тасымалданған жүктер саны есепті кезеңде ұшақтармен тасымалданған барлық жүктер, почта және ақылы жолжүк салмағының жиынтығы ретінде көрсетіледі.
3-бөлімнің 2-бағанында жүк айналымы әрбір ұшу учаскесінде тасымалданған жүк пен почта тоннасының санын осы учаскеге сәйкес пайдалану қашықтығына көбейтіндісінің жиынтығы ретінде көрсетіледі.
3-бөлімнің 1.1.1-жолында есепті кезеңде барлық жаңа немесе бар болған тауарларды экспортқа тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.
3-бөлімнің 1.1.2-жолында есепті кезеңде шет елден келетін, ақысы төленген немесе ақысыз берілген, жаңа немесе бар болған, барлық тауарларды импортқа тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.
3-бөлімнің 1.1.3 - жолы бойынша жүк жөнелтушілер мен алушылар шет елден және тыс орналасқан Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүзеге асырылатын тасымалданған жүк көрсетіледі.
4-бөлімнің «Жүк түрлерінің атауы» Б бағанында «Қатынас түрлері бойынша көлік жұмысы туралы есеп» (коды 181112226, индексі 2-көлік, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанына қосымшасында келтірілген Жүк түрлерінің тізбесіне сәйкес жүктің түрлері көрсетіледі.
5-бөлімнің 1-жолында келесі:
1) сақтау және жүктерді көліктік өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтерінен (жүк және багажды тиеу және түсіру, жүкті бекіту және түсіру (стивидорлық жұмыстар), тауарлардың барлық түрлеріне арналған қоймалау қызметтері, сыртқы сауда аймақтарында тауарларды сақтау);
2) өзге де қосалқы көлік қызметтерінен (терминал қызметтері (өзен порттары, айлақтары), шлюздер, каналдар қызметтері, навигациямен байланысты қызметтер, маяктар қызметтері, азаматтарға тиесілі көлік құралдарын сақтау бойынша қызметтер және тағы да басқа);
3) жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерінің (жүкті экспедициялау, көлік құжаттамалары мен жол парақтарын дайындау, кеден агенттерінің қызметтері және тағы да басқа) табыстары ескеріледі.
5-бөлімнің 2-жолында жасалған жалға беру шартына сәйкес көлік құралын экипажымен қоса жалға алғанынан түскен табыс көрсетіледі.
10-бөлімде баланста тұрған және жүк (жүк-жолаушыдан басқа), жолжүгі және почтаны тасымалдауға арналған, балық және басқа теңіз кәсіпшілігіне, пайдалы қазбаларды алуға арналған, сүйреткіш, мұзжарғыш және құтқару операцияларын өндіруге, сонымен қатар басқа да шаруашылық, ғылыми және мәдени мақсаттарға (аралас өзен-теңіз жүзу кемелерін қосқанда) арналған барлық теңіз кемелері қамтылады.
10-бөлімнің 1-бағанында өздігінен жүретін кемеге күш қондырғысы (қозғалтқышы) және қозғағышы (ескіш доңғалақ, ескіш винт, су айдағыш) бар кемелер ескеріледі.
10-бөлімнің 2-бағанында өздігінен жүрмейтін жүк кемелеріне сүйреуге немесе итеруге арналған және дербес қозғалтқыш қондырғысы болмайтындар жатады; құрғақ жүктерді және құйылатын жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылады.
10-бөлімнің 3-бағанында сүйрейтін кемелерге тартқыштар мен итермелештер, сүйрегіштер, сүйрегіш-итермелегіштер жатады, олар өз конструкциясы бойынша өздігінен жүрмейтін кемелер мен салдарды сүйреуге немесе итермелеуге арналған.
10-бөлімнің 4-бағанда Жолаушылар және жолаушы-жүк кемелері қамтылады. Жүк-жолаушылар кемелеріне жолаушыларға арналған үй-жайлар мен жүктерді тасымалдайтын трюмі бар кемелер жатады.
11-бөлімде үшінші тұлғалар үшін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу мақсатында жүзеге асырылатын қызметтің негізгі түріне жатпайтын қызметтің қосалқы түрлері көрсетіледі.
11-бөлімнің Б бағанында Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сәйкес 5 таңба бөлінісінде қызметтің қосалқы түрлерінің атаулары, ал «ЭҚЖЖ коды» бағанында – 5 таңбаға дейін ЭҚЖЖ сәйкес саланың коды көрсетіледі.
3.6 Құбыржол көлігі.
Құбыржол көлігі кәсіпорындары 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 11.-бөлімдерді толтырады.
3 және 4-бөлімдердің 1-бағанында өндіру аудандарынан (өндіріс) немесе шет елдерден тұтыну орнына (өткізу базалары, өңдеу жөніндегі кәсіпорындар, газ тарататын стансалар, вагон-цистернаға құятын орындары, танкер кемелер, автомобиль-цистерналар және тағы да сол сияқты) жеткізу үшін құбыр көлігі кәсіпорындарымен қабылданған жүктің бастапқы жөнелтілуі көрсетіледі. Жүк тасымалдау көлемі жүкті құбырға айдау мезетінде шығын өлшеуіштер мен есептегіштердің көрсеткіштері бойынша анықталады. Табиғи газды қайта айдау көлем бірлігімен есептелінеді және мынадай қатынаста масса (салмақ) бірліктеріне аударылады: 1 текше метр = 0,8 килограммға немесе 1000 текше метр газ = 0,8 тоннаға немесе 1тонна = 1250 текше метрге.
3-бөлімнің 1.1.1-жолында есепті кезеңде олар сатылған немесе берілгендігіне қарамастан, барлық жаңа немесе бар болған тауарлар кіретін экспортқа тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.
3-бөлімнің 1.1.2-жолында есепті кезеңде шет елден келетін, ақысы төленген немесе ақысыз берілген, жаңа немесе бар болған барлық тауарлар кіретін импорт бойынша тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.
3-бөлімнің 1.1.3-жолында Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзитпен шет елдік мемлекеттердің жүк жіберушілері және жүк қабылдаушылары арасында жүзеге асырылатын тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.
3-бөлімнің 2-бағанындағы барлық жолында жүк айналымы мұнайды (газды) қайта айдау көлемдерін бас сорғы стансасына енетін коллектордан зауыттың, құю пунктінің, мұнай базасының, газ тарататын жүйенің және тағы да сол сияқты коллекторына дейін қайта айдау қашықтығына көбейтіндісінің жиынтығы ретінде есептеледі. Жүк айналым барлық құбырлар бойынша тұтастай және мұнай құбырлары және газ құбырлары бойынша жеке анықталады.
4-бөлімнің «Жүк түрлерінің атауы» Б бағанында «Қатынас түрлері бойынша көлік жұмысы туралы есеп» (коды 181112226, индексі 2-көлік, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанына қосымшасында келтірілген Жүк түрлерінің тізбесіне сәйкес жүктің түрлері көрсетіледі.
3-бөлімнің 3-бағанында және 4-бөлімнің 9-бағанында қайта айдау, қайта тиеу және осы жүктерді құюға тарифтік төлемімен анықталатын мұнайды тасымалдаудан түскен табыстар ескеріледі. Газ құбыры көлігінде кірістер 1000 текше метр газды тасымалдау бойынша тарифті тасымалдау көлеміне көбейту арқылы анықталады.
5-бөлім егер есепті кезеңде қосалқы көлік қызметінен табыс болған жағдайда толтырылады.
6-бөлімнің 1, 2 және 3-жолында магистральді құбыржол ұзындығына желілі бөлігі және соған орайлас жер үсті нысандары, коммуникация, телебасқару және байланыстан тұратын, өндіру орнынан басқа көлік түріне қайта құю, қайта өңдей немесе тұныну орнына мұнайды (газды) тасымалдау үшін арналған инженерлік құрылыс ұзындығы ескеріледі.
11-бөлімде үшінші тұлғалар үшін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу мақсатында жүзеге асырылатын қызметтің негізгі түріне жатпайтын, қызметтің қосалқы көрсетіледі.
11-бөлімнің Б бағанында Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасына (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сәйкес 5 таңба бөлінісінде қызметтің қайталама түрлерінің атаулары, ал «ЭҚЖЖ коды» бағанында – 5 таңбаға дейін ЭҚЖЖ сәйкес саланың коды көрсетіледі.
7. Респонденттің есепті кезеңде қызметі болмаған жағдайда, респондент есепті кезең мерзімінің аяқталатын күнінен кешіктірмей статистикалық нысандар орнына, қызметінің болмау себептерін және осы қызметтің жүзеге асырылмайтын мерзімдерін көрсете отырып, қызметінің болмауы туралы хабарламаны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6459 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес ұсынуға құқылы.
8. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электронды түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.
Ескертпе: Х – бұл позиция толтыруға жатпайды.
9. Арифметикалық-логикалық бақылау:
1) «Қатынас түрлері бойынша жолаушыларды тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемі» 2-бөлімі:
әрбір баған үшін 1-жол = 1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолдарының ∑;
әрбір баған үшін 1.1-жол = 1.1.1 және 1.1.2-жолдарының ∑;
әрбір баған үшін 1.2-жол = 1.2.1 және 1.2.2-жолдарының ∑;
әрбір баған үшін 1.2.1-жол = 1.2.1.1 және 1.2.1.2-жолдарының ∑;
әрбір баған үшін 1.2.2-жол = 1.2.2.1 және 1.2.2.2-жолдарының ∑;
әрбір баған үшін 1.3-жол = 1.3.1 және 1.3.2-жолдарының ∑;
әрбір баған үшін 1.4-жол = 1.4.1-1.4.6-жолдарының ∑.
2) «Қатынас түрлері бойынша жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемі»
3-бөлімі:
әрбір баған үшін 1-жол = 1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолд

(Соңы. Басы 18-22-беттерде)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы №172 бұйрығына 16-қосымша

«Қосалқы көлік қызметі кәсіпорындарының көрсететін қызметтері туралы есеп» (коды 181112191, индексі 2-ТР (қосалқы қызмет), кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы «Қосалқы көлік қызметі кәсіпорындарының көрсететін қызметтері туралы есеп» (коды 181112191, индексі 2-ТР (қосалқы қызмет), кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Қосалқы көлік қызметі кәсіпорындарының көрсететін қызметтері туралы есеп» (коды 181112191, индексі 2-ТР (қосалқы қызмет), кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Егер заңды тұлға құрылымдық бөлімшеге статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттіктер берсе, онда ол осы статистикалық нысанды өзінің орналасқан жері бойынша статистика органдарына тапсырады. Құрылымдық бөлімшенің статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттіктері болмаған жағдайда заңды тұлға өзінің құрылымдық бөлімшелері бөлінісінде олардың орналасқан жерін көрсете отырып, статистикалық нысанды өзінің орналасқан жері бойынша статистика органдарына тапсырады.

3. Осы статистикалық нысанды Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің кодтарына сәйкес негізгі қызмет түрі 52 «Қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі» болып табылатын респонденттер тапсырады.

4. Статистикалық нысанда көрсетілетін қызметтің атауы мен кодтары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті инетернет–ресурсының «Жіктеуіштер» бөлімінде орналасқан «Көрсетілетін қызметтер анықтамалығы» сәйкес келтіріледі.

5. 1-бөлімде жасалған шарттарға сәйкес қолданыстағы тарифтер бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) көлемдері туралы құжаттар негізінде есептелетін сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерді және қосалқы көлік қызметтерін өткізуден түскен табыстар көрсетіледі.

6. 2-бөлімнің 1-жолында кез келген дәнді дақылдарды (бидай, жүгері, арпа, қара бидай, сұлы, бұршақ, майлы жемістер және басқалары) сақтауға арналған қоймалар бойынша ақпарат көрсетіледі.

2-жолда шикі мұнай, бензин, керосин, минералды майлар мен сылауыштар, мазут, дизельді отын мен өзге де ақ және қара мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймалар бойынша ақпарат көрсетіледі.

1 бағандағы біржолғы сақтау орындарына ашық (кез келген тауарларды сақтауға арналған ашық алаң) және жабық (белгілі бір тауарларды, оның ішінде айналымда шектелген және (немесе) сақтаудың ерекше шарттарын талап ететін сақтауға арналған қоймалар) типтегі қоймалар жатады.

7. 3-бөлімде қайталама қызмет түріне негізігінен басқа, үшінші тұлға үшін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу мақсатында жүзеге асырылатын қызмет түрі жатады.

Қызметтің негізгі түріне қосалқы құны субъект жүзеге асыратын қызметтің кез келген басқа түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі жатады.

Б бағанында Экономикалық қызмет түрлері номенклатурасына (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сәйкес 5 таңба бөлінісінде қызметтің қайталама түрлерінің ататулары, ал «ЭҚЖЖ коды» бағанында –ЭҚЖЖ сәйкес саланың коды 5 таңбаға дейін көрсетіледі.

8. Респонденттің есепті кезеңде қызметі болмаған жағдайда, респондент есепті кезең мерзімінің аяқталатын күнінен кешіктірмей статистикалық нысандар орнына, қызметінің болмау себептерін және осы қызметтің жүзеге асырылмайтын мерзімдерін көрсете отырып, қызметінің болмауы туралы хабарламаны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6459 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес тапсыруға құқылы.

9. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электронды түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсына (www.stat.gov.kz) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

10. Ескертпе: Х – осы позиция толтыруға жатпайды.

11. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 1-бөлім. «Сақтау бойынша қызметтерден және қосалқы көлік қызметтерінен түскен табыстар»:

1-жол = ҚҚСЖ 6 таңбасы бойынша жолдардың ∑;

2) 3-бөлім. «Қайталама қызмет түрлері бойынша өндірілген өнім (жұмыс, көрсетілген қызмет) көлемдері»:

1-жол = барлық қалған жолдардың ∑.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы №172 бұйрығына 17-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының күші жойылды деп тануға жататын кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Көлік статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №66 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10132 болып тіркелген, 2015 жылы 4 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. «Көлік статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» » Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №66 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 22 қазандағы № 164 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12315 болып тіркелген, 2015 жылы 14 желтоқсанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған жарияланған).

3. «Көлік статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» » Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 66 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 319 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14699 болып тіркелген, 2017 жылы 1 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 5 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16049 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 20 желтоқсан №202 Астана қаласы

Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістемені бекіту туралы

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі №1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеңің 17-тармағының 258) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Өндіріс және қоршаған орта статистикасы басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Өндіріс және қоршаған орта статистикасы басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Г.М. Керімханова) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің төрағасы Н.АЙДАПКЕЛОВ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы №202 бұйрығымен бекітілді

Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Әдістемені Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті және оның аумақтық органдары өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы шығарылымы көрсеткішін қалыптастыру және есептеу кезінде қолданады.

3. Әдіснамалық негіз ретінде 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесі, Біріккен Ұлттар Ұйымының Өнеркәсіп статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдар және өнеркәсіп өндірісінің индексі бойынша халықаралық ұсынымдар пайдаланылды.

3. Осы Әдістемеде келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) аутсорсинг (сыртқы мердігерлік) – негізгі өндірістік бірліктің (тапсырыс беруші) тауар немесе қызмет өндіру бойынша тапсырыс берушінің толық немесе ішінара қызметін қамтитын негізгі функцияларды басқа өндірістік бірлікке (мердігерге) мердігерлікке беру;

2) мекеме – бұл бір орында болатын және өндірістік қызметтің тек бір ғана түрімен айналысатын немесе негізгі қызмет түріне қосылған құн салығының басым үлесі тиесілі кәсіпорын немесе кәсіпорын бөлігі;

3) өнеркәсіптік өндіріс индексі – өнеркәсіптегі қосылған құнның физикалық мөлшерінің уақыт бойынша өзгерісін көрсететін өнеркәсіптік статистиканың қысқа мерзімді экономикалық көрсеткіші;

4) өнеркәсіптегі жалпы қосылған құн – өндірістік өнім шығарылымы мен аралық тұтыну арасындағы айырмашылық;

5) өнеркәсіп өнімінің жалпы шығарылымы – өнеркәсіптік бірліктердің жалпы өндірістік қызметінің нәтижесі түпкілікті тұтыну үшін кез-келген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді ескере отырып, осы мекеме шегінде нақты өндірілген немесе көрсетілген, осы мекемеден тыс жерде пайдалану үшін қолжетімді барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қосынды құны.

5. Өнеркәсіптік мекемелердің жалпымемлекеттік статистикалық байқауларының алғашқы деректері, қызметінің қосалқы түрі «Өндіріс» болып табылатын кәсіпорындар, дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер шаруашылықтары өндірген өнім көлемдері, үй шаруашылықтарындағы шығыстар мен кірістер бойынша зерттеу деректері өндірістік өнім (тауарлар мен көрсетілетін қызметтер) көрсеткіштерін қалыптастыру үшін ақпараттық база болып табылады.

2-тарау. Өнеркәсіп өнімдерінің көрсеткіштерін қалыптастыру кездері

6. Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуішіне сәйкес өнеркәсіптік статистикаға келесі секторлар:

тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді игеру;

өңдеу өнеркәсібі;

электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау;

сумен жабдықтау, қәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау жатады.

7. Өнеркәсіптік өнімнің көрсеткіштерін қалыптастыру үшін статистикалық ақпарат келесі түрде қалыптасады:

жаппай есепке алу: есепті айда орта және ірі өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру мен жөнелту туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың деректері бойынша;

есепті түрде: шағын кәсіпорындар бойынша жете есептеу жүзеге асырылады – соңғы тоқсанға шағын өнеркәсіптік кәсіпорындар өндірісінің тоқсандық көлемінің 1/3-і;

қызметінің қосалқы түрі «Өнеркәсіп» болатын кәсіпорындар бойынша (қызметкерлерінің санына қарамастан) – соңғы тоқсанға қызметінің қосалқы түрі «Өнеркәсіп» болатын кәсіпорындардың тоқсандық көлемінің 1/3-і;

дара кәсіпкерлер бойынша – соңғы есепті кезеңге дара кәсіпкерлер қызметі туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың жылдық деректері бөлігінің 1/12-і;

үй шаруашылықтарының секторы бойынша – соңғы тоқсанға үй шаруашылықтарының шығыстары мен табыстары бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқау деректерінің 1/3-і.

3-тарау. Өнеркәсіптік өнімдердің көрсеткіштерін қалыптастыру

1-параграф. Өнеркәсіптік өндірістің индексі

8. Өнеркәсіптік өндірістің индексін (бұдан әрі - ӨӨИ) есептеу үшін Ласпейрес типіндегі физикалық көлем индексі пайдаланылады, оның арифметикалық нұсқасы b (мұнда b ≤ 0) кезеңінде wi, b салмағын пайдаланумен алынған жеке

$\frac{q_{i,t}}{q_{i,0}}$

сандарының салмақталған орташа қатынасын білдіретін Юнга индексі болып табылады. Юнга индексі салмақ және индексті есептеу (b=0) үшін базистік кезең сәйкес болған кезінде Ласпейрес индексіне тең. Практикада базистік кезең салмағы үшін (b) айтарлықтай ұзақ кезең 0 және t. Салмақты есептеу жылдық кезеңнің шығындары туралы деректерге негізделеді және саны туралы деректер айға алынады және аса кеш жылға жатады.

9. ӨӨИ есептеу келесі формулалар бойынша жүзеге асырылады:

$$i_{t/b} = \frac{q_t \times p_b}{q_b \times p_b} \times 100 \quad (1)$$

мұндағы,

$i_{t/b}$ – базистік жылдың орташа айлық көлемімен салыстырғанда t есепті кезеңдегі (айдағы немесе есепті жылдың басынан бастап кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер;

q_1 және q_2 – тиісінше, есепті және базистік кезеңдердегі өнім мөлшері;

p_b – базистік жылдағы орташа жылдық баға.

$$i_{t-1/b} = \frac{q_{t-1} \times p_b}{q_b \times p_b} \times 100 \quad (2)$$

мұндағы,

$i_{t-1/b}$ – базистік жылдың орташа айлық көлемімен салыстырғанда t-1 өткен кезеңдегі (өткен айдағы, өткен жылғы тиісті айдағы немесе өткен жылдың басынан бастап тиісті кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер;

q_{t-1} – өткен айдағы, өткен жылғы тиісті айдағы немесе өткен жылдың басынан бастап тиісті кезеңдегі өнім мөлшері;

q_b – базистік кезеңдегі өнім мөлшері;

p_b – базистік жылдағы орташа жылдық бағасы.

$$i_{t/t-1} = \frac{i_{t/b}}{i_{t-1/b}} \times 100 \quad (3)$$

мұндағы,

$i_{t/t-1}$ – (1) және (2) формулаларда есептелген индекстерді бөлу жолымен алынатын t-1 өткен кезеңімен (өткен айымен, өткен жылғы тиісті айымен немесе өткен жылдың басынан бастап тиісті кезеңімен) салыстырғанда t есепті кезеңдегі (айдағы немесе есепті жылдың басынан бастап кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер;

$i_{t/b}$ – базистік жылдың орташа айлық көлемімен салыстырғанда t есепті кезеңдегі (айдағы немесе есепті жылдың басынан бастап кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер.

$i_{t-1/b}$ – базистік жылдың орташа айлық көлемімен салыстырғанда t-1 өткен кезеңдегі (өткен айдағы, өткен жылғы тиісті айдағы немесе өткен жылдың басынан бастап тиісті кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер. t-1 кезеңіндегі өндіріс көлемінен t уақыт кезеңіндегі өндіріс көлемін салыстыру базистік жылдың орташа айлық мәнінен осы екі көлемнің ауытқуларын салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

10. ӨӨИ есептеуінде құндық шығарылым көлемдерін пайдаланған кезде, физикалық шығарылым көлемдеріне өту үшін сәйкес келетін дефлятор пайдаланылады. Дефляторлау екі компоненттен: баға компоненті және физикалық көлем компонентінен тұратын деректерден физикалық көлем (өнімнің физикалық саны және сапасы) компонентін айқындау арқылы анықталады. ӨӨИ есептеу кезінде өнеркәсіптік өнім өндірушілерінің баға индексін пайдалану арқылы дефляторлау әдісі қолданылады. ӨӨИ-ін есептеу алгоритмі Өнеркәсіптік өндірістің индексін есептеу әдістемесінде келтірілген.

11. Өнеркәсіптегі қосылған құнның қысқа мерзімдік өзгерісінің ең жақсы аппроксимациясын алу ӨӨИ-ін құру кезіндегі міндет болып табылады. Қосылған құнды есептеу негізін шығарылымның құндық көлемі және физикалық мәндегі шығарылым көрсеткіштері құрайды.

12. Шығарылымның құндық көлемі сол мерзімде өндірілген және мерзімдегі басым бағада бағаланған кезеңде сату үшін де, сондай-ақ өзінің тұтынуы үшін өндірілген тауарларды және көрсетілетін қызметтерді қамтиды. Өндіріс құрылымын өзгертуге әсер ететін процестерді қоспағанда (атап айтқанда, аутсорсинг және аутстаффинг), қосылған құн мен шығарылым көлемі қысқа мерзім ішінде айтарлықтай өзгеріске ұшырамайды.

13. Аутсорсинг үш қалыпта жүзеге асырылады: қосымша функциялардың аутсорсингі, өндіріс процесі бөліктерінің аутсорсингі, барлық өндірістік процестің аутсорсингі. Аутстаффинг кезінде жұмыспен қамту бойынша агенттіктің немесе ұқсас ұйымдардың өнеркәсіптік мекемелерін кадрлық ресурстар ұсынуы жүзеге асырылады.

2-параграф. Физикалық көріністегі өндіріс көлемі

14. Физикалық көріністегі өндіріс көлемі өнімдер өндірісі даналармен, тонналармен, литрлермен өлшенгенде анықталады. Сапалы сипаттамалар қарастырылатын кезеңде өзгермейтін біртекті өнімдер өндірісі кезінде осы тәсіл қолданылады. Тауардың сапалы сипаттамалары оны экономикалық жағынан басқалардан айыруға болады және әр уақытта өзгеруі мүмкін. Өнімдер сапасының өзгерісі өнімдер физикалық көлемінің өзгерісіне кіреді және ӨӨИ есептеу кезінде есепке алынады. Физикалық көріністегі шығарылым гамогендік өнімдер өндірілетін салаларда салаларда өнеркәсіптік өндірісті өлшеген кез пайдаланылады және оның сапасы уақыт өте келе өзгеріссіз қалады.

15. Физикалық көріністегі өндіріс көлемі туралы статистикалық ақпарат кәсіпорындар бойынша және салалар масштабында жеке олардың түрлерінің жиынтық қорытындысын алуды қамтамасыз ететін белгіленген өнімдер атауының тізбесіне сәйкес қалыптастырылады. Физикалық көріністегі өндіріс көлемі есепке алудың біркелкілігін және деректердің жиынтығын қамтамасыз ететін өлшем бірліктердегі өзінің соңғы тұтынуы үшін өнімді қоса алғанда жалпы шығарылым бойынша ескеріледі.

16. Физикалық көріністегі өнеркәсіп көлемі туралы көрсеткіштер шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық тобы бойынша өнеркәсіп өнімін өндірумен айналысатын дара кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер қожалықтарының қызметін ескере отырып ескеріледі.

3-параграф. Жөнелтілген өнімнің құндық көріністегі көлемі

17. Жөнелтілген өнімнің құндық көріністегі көлемі – есепті кезеңде аталған мекеменің барлық өндірілген тауарларын сыртқа беруі. Мекеме өндірген тауарлардың санына аталған мекемеден жіберілген материалдардан жасалған басқа да ұйымдардың тауарлары қосылады.

18. Жөнелтілген тауарлардың құны клиенттерге берілген шот-фактураларға енгізілген барлық шығындар қоса алғанда, тұтынушы (жіберілген бағасы немесе жеткізу бағасы) үшін тағайындалған мекеменің бағасы бойынша есептеледі, шығыстар көлік операциялары (аталған мекеменің көлік құралдарымен де жүзеге асқан, сондай-ақ басқа да сыртқы ұйымдар да жүзеге асқан) шығыстарына қатысты жекелеген шоттарға енгізіледі. Осы позициядан қайтарылған ақшалай қаражат, тұтынушыларға ұсынылған қайтарылатын тауарларға бағалық жеңілдіктер, сондай-ақ қайтарма қаптамасының құны шегеріледі. Сату бойынша есептілікте сату көлемдерінен шегерілетін ақшалай нысандағы жеңілдіктер кіреді. Құндық бағалаудан аталған мекеме дайындаған өнімге салынатын барлық баждар және салықтар, соның ішінде клиент үшін шот-фактураға енгізілетін қосылған құн салығы да алынып тасталады.

4-тарау. Өндірістің технологиялық қарқындылығы негізінде өнеркәсіп салаларын жіктеу

19. Өңдеу өнеркәсібінің құрылымдық өзгерістері ең алдымен оның неғұрлым жоғары қосылған құны бар жаңа және жаңадан дамып келе жатқан салаларды құру қабілетін көрсетеді. Өңдеу өнеркәсібінің пайдаланылатын салалық жіктеуішінің негізін Ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструктивтік жетілдіруге арналған салалық шығыстарды қосылған құн мөлшері және өндіріс статистикасымен байланыстыратын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жіктеуіші құрайды.

20. Шикізатты өңдеудің негізін еңбекті аз қажет ететін өндірістік процестер және төмен капитал сыйымдылығымен сипатталатын төмен деңгейлі технологиялар қызметтің түрлері құрайды:

тамақ өнімдерін және сусындар өндіру;

темекі өнімдерін өндіру;

жиһаздан басқа ағаштан және тоздан жасалған бұйымдарды өндіру; сабаннан және өруге арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндіру;

қағаз және қағаз өнімдерін өндіру;

өзге бейметалл минералдық өнімдер өндіру.

21. Төменгі технологиялық өндіріске көп капиталды қажет ететін өңдеу өнеркәсібі саласының төмен деңгейлі экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктелімінің келесі бөлімдерінде:

тоқыма бұйымдарын өндіру;

киім өндіру;

былғары және оған жататын өнім өндіру;

баспа және жазылған материалдарды басып шығару;

кокс және мұнайдың өңделген өнімдерін өндіру;

резеңке және пластмасса бұйымдар өндіру;

металлургия өнеркәсібі;

машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіруге сәйкес келетін салалар жатады.

22. Орта және жоғары технологиялық өңдеуші өндіріс неғұрлым күрделі технологиялармен, біліктілікке деген жоғары талаптармен, кешенді оқыту мен технологиялық белсенділікпен сипатталады. Жоғары технологиялық өндірістерде ғылыми-зерттеулерге, технологиялық инфрақұрылымына жоғары инвестициялары бар озық тез өзгеретін технологиялар, техникалық дағдылардың арнайы деңгейі және тығыз институционалдық қарым-қатынас қолданылады:

химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру;

компьютерлер, электрондық және оптикалық бұйымдарын өндіру;

электр жабдықтарын өндіру;

басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтарды өндіру;

автокөлік құралдарын, тіркемелер және жартылай тіркемелерді өндіру;

басқа көлік құралдарын өндіру.

5-тарау. Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы шығарылымын есептеу

23. Өнеркәсіптік өндіріс статистикасы көрсеткіштері жүйесіндегі нақты өнім түрлерін өндірді сипаттау үшін пайдаланылатын физикалық көрсеткіштер орталық орын алады. Өнеркәсіптік өндірістің жиынтық сипаттамалары үшін әр текті өнім түрлерінің салыстырмалылығын қамтамасыз ете отырып сала қызметінің жиынтық қорытындысын алуға мүмкіндік беретін құндық көрсеткіштер қолданылады.

24. Өнеркәсіптік өндіріс статистикасының негізгі жиынтық құндық көрсеткіші өнеркәсіптік өнімдердің (көрсетілетін қызметтердің) жалпы шығарылымы болып табылады, есептеу экономикалық қызмет түрлерінің жіктеліміне сәйкес жалпы секциялар, бөлімдер мен топтар бойынша жүзеге асырылады. Жалпы шығарылымды есептеу өнеркәсіп өнімдерін өндірушілердің жекелеген санаттарының, соның ішінде негізгі және қосалқы қызмет түрі «Өнеркәсіп» болып табылатын кәсіпорындар, дара кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер шаруашылықтары, үй шаруашылықтары деңгейінде жүргізіледі. Өнеркәсіптік өнімдердің (көрсетілетін қызметтердің) жалпы шығарылымын есептеу ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жыл сайынғы негізде жүргізіледі.

25. Өнеркәсіптік өнімнің (тауарлар, көрсетілген қызметтер) жалпы шығарылым бойынша деректер жасырын және бейресми қызметін ескере отырып, қаржылық емес сектор бойынша қалыптасады:

$$V^{жалпы}_{барлығы} = V^{жалпы}_{карж.емес} + V^{барлығы}_{бейресми} \quad (4)$$

мұндағы,

$V^{жалпы}_{барлығы}$ - тұтастай өнеркәсіп саласы бойынша өнімнің жалпы шығарылым көлемі;

$V^{жалпы}_{карж.емес}$ - қаржылық емес сектор өнімдерінің жалпы шығарылымы көлемі;

$V^{барлығы}_{бейресми}$ - формальды емес сектор өнімдерінің жалпы шығарылымы;

Өнеркәсіптік өнімнің жалпы шығарылымын жалпы өнеркәсіп бойынша шартты есептеудің мысалы осы Әдістемеге 1-қосымшада келтірілген.

26. Қаржылық емес сектор кәсіпорындары өнімінің жалпы шығарылымының көлемі келесі формуламен анықталады:

$$V^{жалпы}_{карж.емес} = V^{тауар}_{карж.емес} + V^{ізз} + (V^{аяқталм}_{аягы} - V^{аяқталм}_{басы}) + V^{өңделме} \quad (5)$$

мұндағы,

$V^{жалпы}_{карж.емес}$ - заңды тұлғалардың және құрылымдық бөлімшелердің қаржылық емес сектордағы өнімдерінің жалпы шығарылым көлемі;

$V^{тауар}_{карж.емес}$ - сыртқа өткізуге арналған өнімді ескеріп, қаржылық емес сектордың өндірілген өнімдер (тауар шығарылымы) көлемі;

$V^{ізз}$ - аталған мекеме ішінде өзінің пайдалануы үшін өнімдер көлемі;

$V^{аяқталм}_{басы}$ және $V^{аяқталм}_{аягы}$ - есепті кезеңнің басына және аяғына аяқталмаған өндіріс қалдықтарының құны;

$V^{өңделме}$ - басқа кәсіпорындарға өңдеуге берілген өңделме шикізат құны.

27. Қаржылық емес сектор бойынша қолданыстағы бағалардағы тауарлық шығарылым ай сайын мынадай формула бойынша есептеледі:

$$V^{тауар}_{карж.емес} = V_{кол.ірі,\ орташа} + \frac{V_{кол.шағын.} + V_{кол.кос.}}{3} + \frac{V_{кол.дк.}}{12} \quad (6)$$

мұндағы,

$V^{тауар}_{карж.емес}$ - негізгі және қосалқы қызмет түрі «Өнеркәсіп» болатын кәсіпорындар, дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер шаруашылықтарының қолданыстағы бағадағы өндірілген өнімдерінің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтерінің) көлемі;

$V_{кол.ірі,\ орташа}$ - орта және ірі өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша ай сайынғы статистикалық байқау деректері бойынша алынған қолданыстағы бағада өндірілген өнім (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) көлемі;

$V_{кол.шағын}$ - шағын өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша тоқсан сайынғы статистикалық байқау деректері бойынша алынған қолданыстағы бағадағы өндірілген өнім (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) көлемі;

$V_{кол.кос.}$ - қосалқы қызмет түрі «Өнеркәсіп» болатын кәсіпорындар бойынша тоқсан сайынғы статистикалық бақылау деректері бойынша алынған қолданыстағы бағадағы өндірілген өнім (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) көлемі;

$V_{кол.дк.}$ - дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер шаруашылықтары өндірген өнім көлемі.

28. Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру немесе қайта өңдеумен байланысты қызметті жүзеге асыратын шаруа немесе фермер шаруашылықтары өндірген өнім көлемі дара кәсіпкерлердің өнім көлемінде есепке алынады және дара кәсіпкерлер қызметі туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың деректері негізінде қалыптастырылады.

29. Қаржылық емес сектор өнімдерінің жалпы шығарылым көлемі жасырын қызметке үстеме есептеумен есептеледі. Өнеркәсіптік өндіріс саласындағы жасырын экономикалық қызметтерге: тіркелген шаруашылық субъектілерімен өндірілген өнімдерінің бөлігін жасыру, тауарлар мен қызметтерді лицензиясыз өндіру, заңмен рұқсат етілмеген тауарларды жасырын өндіру жатады. Ресми тіркелген кәсіпорындардың өнімдерді шығару көлемін жасыруы жанама сарапшылық бағалау негізінде анықталады:

$$V_{жасыр.} = V^{стат}_{жасыр.} + V^{экон}_{жасыр.} \quad (7)$$

мұндағы,

$V_{жасыр.}$ - жасырын қызмет бойынша есептеуді ескергенде қаржылық емес сектор өнімдерінің жалпы шығарылым көлемі;

$V^{стат}_{жасыр.}$ - қаржылық емес сектор өнімдерінің жалпы шығарылым көлемі;

- жасырын қызмет бойынша өндірілген өнімдер көлемі.

30. Статистикалық себептер бойынша өндірілген жасырын өнім көлемін анықтау үшін кәсіпорындардың толық қамтылмағандығына және шығарылған өнім туралы есептіліктің алынбағандығын жете есептеу жүзеге асырылады:

$$V^{стат}_{жасыр} = \left(\frac{V_{шағын}}{N^{есепт}_{шағын}} : 12\right) \times \left(N^{белс}_{шағын} - N^{есепт}_{шағын}\right) \quad (8)$$

мұндағы,

$V^{стат}_{жасыр}$ - статистикалық себептер бойынша өндірілген жасырын өнім көлемі;

$V_{шағын}$ - алдыңғы жылға шағын кәсіпорындар өндірген өнім көлемі;

$N^{есепт}_{шағын}$ - алдыңғы жылға белсенді шағын кәсіпорындар саны;

$N^{белс}_{шағын}$ - алдыңғы жылға есеп берген шағын кәсіпорындар саны;

$\left(N^{белс}_{шағын} - N^{есепт}_{шағын}\right)$ - шығарылым туралы мәліметтері жоқ немесе өнім көлемі төмендетілген кәсіпорындар санының айырмашылығын көрсетеді.

31. Ресми тіркелген кәсіпорындар шығарылымының жасырын көлемдері жанама бағалау негізінде сарапшылық түрде анықталады. Осы көлемдерді анықтаудың бір тәсілі қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша салық органдары жұмыстарының қорытындысы туралы ақпарат болып табылады. Есептеу келесі алгоритмге сәйкес есептеледі:

$$V^{экон}_{жасырын} = \frac{[(Ккс - Ко)/Стс] \times Кож \times Су}{Д} \times Кн \quad (9)$$

мұндағы:

$V^{экон}_{жасырын}$ - экономикалық себептер бойынша жасырын өндірілген өнім көлемі;

Ккс – тексеріс нәтижелері бойынша ҚҚС төлемін бұзуы бойынша қосымша есептелген төлемдер;

Кө - ҚҚС төлемін бұзуы бойынша қосымша есептелген қаржылық өсім;

Стс – салықтық тексеріспен қамтылған салық төлеушілердің саны;

Көж – негізгі қызмет түрі «Өнеркә

(Соңы. Басы 23-бетте)

мемлекеттік құпияларға жатқызылған қорғалып орындалған ақпараттық жүйелерге, сондай-ақ арнайы мақсаттағы телекоммуникациялар және/немесе үкіметтік, президенттік, құпияландырылған, шифрланған және кодталған байланыс желілеріне;

3) арнайы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелері мен интернет ресурстарына таралмайды.

2-тарау. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы БТ-ның орындалу мониторингін жүргізу тәртібі

7. БТ-ның орындалу мониторингі:

1) осы Ережелердің 5-тармағында аталған субъектілермен осы Ережелердің қосымшасына сәйкес нысанда БТ орындау туралы жыл сайын ұсынылатын есеп (бұдан әрі – есеп);

2) уәкілетті органмен Заңы 7-1-бабының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Мемлекеттік техникалық қызмет» республикалық мемлекеттік кәсіпорыннан сұратылатын ақпарат;

3) уәкілетті органмен Заңға сәйкес Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығынан, Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығынан сұратылатын ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар есепті қазақ және орыс тілдерінде есептік кезеңнен кейінгі айдың 25-сінен кешіктірмей, уәкілетті органға мемлекеттік органдардың электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы электронды түрде ұсынады.

9. Мемлекеттік заңды тұлғалар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын немесе мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің иелері және иеленушілері, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері иелері мен иеленушілері есепті еркін түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде есептік кезеңнен кейінгі айдың 25-сінен кешіктірмей, уәкілетті органға қағаз тасымалдауышта ұсынады.

Есепті кезең күнтізбелік жыл болып табылады.

10. Егер есепті ұсыну мерзімінің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге келген жағдайда ұсыну мерзімі келесі жұмыс күні болып табылады.

11. Уәкілетті орган жиынтық ақпарат негізінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы БТ талаптарын орындауына талдау жүргізеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпарттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды орындау мониторингін жүргізу қағидаларына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

БТ орындау туралы есеп

Есепті кезең 20___ ж.

Индексі: № 1-ЕН нысан

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынатын тұлғалар тобы: мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік заңды тұлғалар, квазимемлекеттік сектор субъектілер, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын немесе мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің иелері және иеленушілері, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері иелері мен иеленушілері

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Тапсыру мерзімі: есептік кезеңнен кейін 25 қаңтарына дейін

№	Талаптар тізбесі	Орындалды	Орындалмағаны	Орындамау себептері
1	2	3	4	5
Ақпараттандыруды ұйымдастыруға және басқаруға қойылатын талаптар				
1.	Мемлекеттік орган (бұдан әрі – МО) және жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) қызметшілерінің жұмыс кеңістігі мен орнын жабдықтау бойынша талаптарды сақтау			
2.	МО немесе ЖАО қызметкерлерінің жұмыс станцияларын орналастыру бойынша талаптарды сақтау			
3.	Электрмен жабдықтау жүйесіндегі істен шығудан және коммуналдық қызметтер жұмысындағы кірістерден туындайтын басқа да бұзылулардан жұмыс станцияларын қорғау бойынша талаптарды сақтау			
4.	Үздіксіз қолжетімділігін және тұтастығын қамтамасыз ету үшін жұмыс станцияларына техникалық қызмет көрсету рәсімдері мен мерзімділігі бойынша талаптарды сақтау			
5.	Түрлі сыртқы тәуекелдерді ескере отырып, МО-дан немесе ЖАО-дан тыс орналасқан мобильдік пайдаланушылардың жұмыс станцияларын қорғау бойынша талаптарды сақтау			
6.	Жұмыс станцияларын екінші рет пайдаланған немесе ақпарат тасымалдауыштарды пайдаланудан шығарған кезде ақпаратты кепілдікті жою бойынша талаптарды сақтау			
7.	Жұмыс станцияларын жұмыс орнынан тыс жерлерге шығару қағидаларын сақтау			
8.	Конфигурацияларын тексере отырып, жұмыс станцияларын есепке алу			
9.	МО және ЖАО қызметшілерінің жұмыс станциялары мен мобильдік компьютерлерінді қолданылмайтын енгізу-шығару порттарын ажырату немесе бұғаттау бойынша талаптарды сақтау			
10.	МО немесе ЖАО ішкі шеңберінің локалды желісіне қосылған және Интернетке қосылмаған жұмыс станцияларында МО және ЖАО қызметтік ақпаратын өңдеу мен сақтауын жүзеге асыру бойынша талаптарды сақтау			
Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыруға қойылатын талаптар				
11.	Ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқшауланған құрылымдық бөлімшесінің болуы бойынша талаптарды сақтау			
12.	Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нормативтік-техникалық құжаттаманың болуы			
13.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында тәуекелдерін бағалау әдістемесінің болуы			
14.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы қатерлер (тәуекелдер) каталогының болуы			
15.	Ақпараттық қауіпсіздік бұзушылықтары оқиғаларын бақылауды жүзеге асыру			
16.	Оқиғаларды тіркеу журналдарын үш жылдан кем емес мерзім бойы және кем дегенде үш ай жедел қолжетімді түрде сақтау талаптарын сақтау			
17.	Аса маңызды процестердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және қалпына келтіру бойынша шаралар жоспарының болуы			
18.	Лауазымдық нұсқаулықтарға және (немесе) еңбек шартының талаптарына енгізілген ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындау			
19.	Сәйкестендіру талаптарын сақтау			
20.	Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын пайдалану бойынша талаптарды сақтау			
21.	Серверлік жабдықтарды резервте сақтау әдісімен қолжетімділікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету			
22.	Пайдаланушылар әрекеттерін мониторингілеуді және пайдаланушылардың аномалды әрекеттерін бұғаттауды қамтамасыз ету			
23.	Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді мониторингілеу талаптарын сақтау			
24.	Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары мен жүйелерінің болуы			
25.	Растайтын орталықтарының тіркеу күәліктерінің болуы			
Электронды ақпараттық ресурстарға және интернет-ресурстарға қойылатын талаптар				
26.	Метадеректерді қалыптастыру, орналастыру және сақтау бойынша талаптарды сақтау			
27.	Ақпараттық ресурстарды құру мен дамыту бойынша талаптарды сақтау			
28.	Ақпараттық ресурстардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша талаптарды сақтау			
Әзірленетін немесе сатып алынатын қолданбалы бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптар				
29.	Ақпараттық жүйенің құрылып жатқан немесе дамудағы қолданбалы бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптарды сақтау			
30.	Дайын қолданбалы бағдарламалық қамтылымды пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау			
31.	Бағдарламалық қамтылымды техникалық қолдау және сүйемелдеудің болуы			
32.	Бағдарламалық қамтылымның пайдаланылуын бақылау бойынша шаралардың болуы: - нақты пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыздандыру айқындау; - бағдарламалық қамтамасыздандыру пайдалануға құқықтарды айқындауды; - нақты пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыздандыру мен қолда бар лицензияларды салыстырып тексеру.			
33.	Қолданбалы бағдарламалық қамтылымда электронды қолтаңба қолдану талаптарын орындау			
Ақпараттық жүйеге қойылатын талаптар				
34.	Ақпараттық жүйені тәжірибелік пайдалануды аяқтау туралы актінің болуы			
35.	Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынақтың оң нәтижесімен актінің болуы			
36.	Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестік аттестатының болуы			
37.	Әзірленген бағдарламалық қамтылымды, есепке алу және сақтау үшін «электрондық үкіметтің» сервистік интеграторына: бірыңғай талаптарына сәйкес бастапқы кодтарды, МО және ЖАО ақпараттық жүйесінің лицензияланған қолданбалы бағдарламалық қамтылымның баптау кешенін (болған кезде) ұсыну талабын сақтау			
38.	МО және ЖАО ақпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға қамтамасыз ету бойынша талаптарды сақтау			
39.	Ішкі локалды желіден ақпараттық жүйені басқаруды қамтамасыз ету			
Технологиялық платформаға қойылатын талаптар				
40.	Ұсынылатын ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің үздіксіз және тоқтаусыз жұмыс істеу коэффициентінің болуы			
41.	Сәйкестендіруді басқару бойынша талаптарды сақтау			
42.	Қолжетімділікті басқару бойынша талаптарды сақтау			
43.	Шифрлау кілттерін басқару бойынша талаптарды сақтау			
44.	Ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларының аудитін өткізу бойынша талаптарды сақтау			
45.	Ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын тіркеу талаптарын сақтау			
46.	Виртуализация ортасы инфрақұрылымның аппараттық және бағдарламалық компоненттерін қорғау шараларын қолдану бойынша талаптарды сақтау			
47.	Әзірлеу және тестілеу ортасын пайдалану ортасын физикалық бөлудің болуы			
48.	Желілік және жүйелік әкімшілеу рәсімдерін орындау			
Апараттық-бағдарламалық кешенге қойылатын талаптар				
49.	Серверлік жабдықтың конфигурациясын тексере отырып, оған тұрақты негізде түгендеу жүргізу			
50.	Серверлік жабдықты орнату бойынша талаптарды орындау			
51.	Резервтік көшіру жүйесін қамтамасыз ететін деректерді сақтау жүйесінің болуы			
Телекоммуникация желілеріне қойылатын талаптар				
52.	Бөлінген байланыс арналарына қойылатын талаптарды сақтау			
53.	Қызметтік міндеттерін орындау кезінде қызметкерлердің тек ведомстволық электронды поштаны пайдалануы бойынша талаптарды сақтау			
54.	Кәбіл жүйесі жабдығының болуы			
55.	Үздіксіз қуаттау көздерінен электрқуат-таумен қамсыздандырылатын локалды желілердің активті жабдығының болуы			
Техникалық құралдардың үздіксіз жұмыс істеу және ақпараттық қауіпсіздік жүйелеріне қойылатын талаптар				
56.	Жабдықты монтаждау бойынша талаптарды сақтау			
57.	Жабдықты техникалық сүйемелдеу кезінде құжаттаудың болуы			
58.	Қолжетімділікті басқару мен бақылау жүйесінің болуы			
59.	Микроклиматты қамтамасыз ету жүйесінің болуы			
60.	Серверлік үй-жайдың күзет дабыл жүйесінің болуы			
61.	Бейнебақылау жүйесінің болуы			
62.	Серверлік үй-жайдың өрт дабыл жүйесінің болуы			
63.	Серверлік үй-жайлардың өрт сөндіру жүйесінің болуы			
64.	Кепілді электрқуаттау жүйесінің болуы			
65.	Серверлік үй-жайдың жерге тұйықталған жүйесінің болуы			

_____
(Ұйым атауы, БСН)
_____
(Мекенжайы, телефон, электронды пошта)

Орындаушы _____ Басшы _____
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
күні _____ күні _____
қолы _____ қолы _____

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 13 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16756 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ АЭРОҒАРЫШ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 28 наурыз №53/НҚ Астана қаласы

Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарын бекіту туралы

«Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы Заңы 7-1-бабының 20) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Электрондық өнеркәсіптің және бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидалары, сондай-ақ электрондық өнеркәсіптің және бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіптің және бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Б.АТАМҚҰЛОВ

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 28 наурыздағы № 53/НҚ бұйрығымен бекітілген

Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидалары, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидалары, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттары (бұдан әрі – Қағидалар) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы Заңы 7-1-бабының 20) тармақшасына сәйкес әзірленді және электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру, жүргізу тәртібін айқындайды, сондай-ақ электрондық өнеркәсіптің және/немесе бағдарламалық қамтылымның электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарын айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – ақпараттық қауіпсіздіктің талаптарына сай келетін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылым тауарларының тізбесі;

3) өтініш беруші – тізілімге қосу, тізілімнен шығару немесе тізілімге өзгерістер енгізу туралы өтінім берген электрондық өнеркәсіп немесе бағдарламалық қамтылым өнімін өндіретін жеке және/немесе заңды тұлға;

4) комиссия – уәкілетті орган қалыптастыратын алқалы орган.

3. Тізілім мемлекеттік органдарда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен электрондық өнеркәсіп және бағдарламалық қамтылым өнімдерін өндіретін отандық өндірушілерді дамыту үшін жағдайлар жасау мақсатында жүргізіледі.

Елдің қорғанысы мен қауіпсіздігіне арналған ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды іске асыру мақсатында тауарларды сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімі ішінен іске асырылады.

Бұл ретте электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімінде қажетті тауарлар болмаған жағдайда, оларға ұқсас тауарларды сатып алуға рұқсат беріледі.

4. Тізілімдегі мәліметтер мемлекеттік құпияны немесе заңмен қорғалатын басқа да мәліметтерді қоспағанда, ашық және мүдделі тұлғалардың танысуы үшін қолжетімді болып табылады.

2-тарау. Электрондық өнеркәсіптің және бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі

5. Тізілімді қалыптастыру мен жүргізу деп мыналар түсініледі:

1) тізілімге электрондық өнеркәсіп және бағдарламалық қамтылым өнімі туралы мәліметтер енгізу;

2) өтініш берушілер ұсынған мәліметтер өзгерген (толықтырылған) кезде, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп және бағдарламалық қамтылым өнімі тізілімнен шығарылған кезде тізілімді жаңарту;

3) уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында тізілімді орналастыру.

6. Тізілімді қалыптастыру және жүргізуді уәкілетті орган тізілімге электрондық өнеркәсіп немесе бағдарламалық қамтылым өнімдерін енгізу және одан шығару, сондай-ақ тізілімдегі мәліметтерге өтініш берушілердің өтініштері негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы іске асырады.

7. Тізілімді жүргізу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

8. Тізілімге енгізуге осы Қағидалардың 20-тармағында қарастырылған электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін тізілімге енгізу өлшемшарттарына (бұдан әрі – өлшемшарттар) сәйкес келмейтін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылым өнімдері, сондай-ақ Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушыларының тізіліміне енгізілген электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімдерін өндірушілер жатпайды.

9. Тізілімді қалыптастыру мен жүргізу электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімдерін өндірушілердің тізілімге енгізу (шығару) немесе тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы берген өтінімдері (бұдан әрі – өтінім) негізінде іске асырылады.

10. Өтінімдерді уәкілетті органға электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімдерін өндірушілер ұсынады.

Тізілімге енгізу туралы өтініштер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

11. Тізілімге енгізу туралы өтінімге осы тармақтың 7) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттарды қоспағанда, мынадай құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері қоса беріледі:

1) электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өніміне айрықша құқықты растайтын Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тәртіппен берілген құжат;

2) мемлекеттік тіркелуі туралы анықтама (куәлік) (заңды тұлғаларға);

3) тауардың шығарылған жері туралы сертификат;

4) ақпарат қауіпсіздік талаптары бойынша ақпараттық жүйелерді сертификаттау жүйесінің сенім білдірудің 4-деңгейінен төмен емес СТ РК ИСО/МЭК 15408-3-2006 стандартына сәйкес сертификат;

5) шетелдік заңды тұлғалардың, олардың бақылауындағы қазақстандық коммерциялық ұйымдардың (төлемдер бар болған жағдайда) пайдасына төлемдер туралы ақпаратты қамтитын құжат;

6) электрондық өнеркәсіп өнімінің Қазақстан Республикасы аумағында заңды айналымға енгізілгенін растайтын құжат;

7) электрондық өнеркәсіп (бағдарламалық қамтылым) өнімдерінің осы Қағидалардың 20-тармағында белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігі туралы, сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын растайтын кепілдік міндеттемер (өтініш берушінің растауы) түпнұсқасы;

8) электрондық өнеркәсіп (бағдарламалық қамтылым) өнімінің функционалдық сипаттамаларының еркін түрдегі сипаттамасы.

12. Өтінімдер мен ұсынылған құжаттарды қажеттілігіне қарай, айына бір реттен жиі емес уәкілетті орган жинайтын Комиссия қарастырады.

Комиссия құрамына уәкілетті органның, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, салалық ұйымдар мен IT-саласын дамыту институтының өкілдері енгізіледі.

13. Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылым өнімдерін тізілімге (тізілімнен) енгізу (шығару), тізілімге өзгертулер (толықтырулар) енгізу туралы шешім (бұдан әрі – шешім) Комиссия шешімі негізінде уәкілетті орган бұйрығымен Комиссия шешімі шыққан күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ресімделеді.

14. Уәкілетті орган Комиссия шешімі шыққан күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде электрондық өнеркәсіп өнімін немесе бағдарламалық қамтылымды тізілімге (тізілімнен) енгізеді (шығарады), сондай-ақ тізілімге өзгертулер (толықтырулар) енгізеді.

15. Уәкілетті орган Комиссия шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні мерзімінде өтініш берушіге өтінімді қарастыру нәтижелері туралы жазбаша түрде хабарлайды.

16. Тізілімге өзгертулер (толықтырулар) енгізу тізілімдегі мәліметтер өзгерген жағдайда іске асырылады.

17. Тізілімдегі мәліметтер өзгерген жағдайда, өтініш беруші уәкілетті органға ондай өзгертулер орын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімге өзгертулер (толықтырулар) енгізу туралы мәлімделген өзгертулерді растайтын құжаттарды ұсынып, өтінім береді.

18. Электрондық өнеркәсіп өнімдерін немесе бағдарламалық қамтылымды тізілімнен шығару өтініш берушінің бастамасы бойынша тізілімнен шығару туралы еркін нысанда берілетін өтінім негізінде іске асырылады.

19. Тізілім, сондай-ақ тізілімге өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында шешім шығарылған күннен 2 (екі) жұмыс күн ішінде жарияланады тиіс.

3-тарау.

Электрондық өнеркәсіптің және бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттары

20. Электрондық өнеркәсіптің және бағдарламалық қамтылымның өнімін тізілімге енгізудің өлшемшарттары болып:

1) электрондық өнеркәсіптің және бағдарламалық қамтылымның өнімдерінің СТ РК ИСО/МЭК 15408-3-2006 стандартына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сай келуі;

2) айрықша құқықты қолданудың барлық мерзімдерінде Қазақстан Республикасы заңды тұлғасына; Қазақстан Республикасы жеке тұлғасына/ларына тұлғаларының (құқық иеленушілердің) біреуіне немесе бірнешеуіне тиесілі электрондық өнеркәсіптің және бағдарламалық қамтылымның өнімін шығаруға айрықша құқық;

3) шетелдік заңды тұлғалардың және (немесе) жеке тұлғалардың, олар бақылайтын қазақстандық коммерциялық ұйымдар және (немесе) қазақстандық коммерциялық емес ұйымдардың пайдасына лицензиялық және өзге шарттар (шарттың түріне байланысты емес) бойынша осы бағдарламалық өнімді (электрондық өнеркәсіп өнімдерін) пайдалану құқығын бергені үшін күнтізбелік жылдағы төлемдердің жалпы сомасы бағдарламалық өнімінің құқық иеленушісінің (құқық иеленушілердің) жылдық түсімінің 30 пайыздан кем болуы табылады.

Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарына 1-қосымша

Нысан

Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімі

тізілім жазбасының реттік нөмірі	тізілім жазбасы қалыптастырылған күн	электрондық өнеркәсіптің (бағдарламалық қамтылым) өнімдерінің атауы	электрондық өнеркәсіптің (бағдарламалық қамтылым) өнімдерінің алдыңғы және (немесе) альтернативтік атауы (болған жағдайда)	электрондық өнеркәсіптің (бағдарламалық қамтылым) өнімдерінің сыныптауышына (ЭҚ ТӨС) сәйкес электрондық өнеркәсіптің (бағдарламалық қамтылым) өнімдердің коды (кодтары)	экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдерінің сыныптауышына (ЭҚ ТӨС) сәйкес электрондық өнеркәсіптің (бағдарламалық қамтылым) өнімдердің коды (кодтары)	Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасына (СЭҚ ТН) сәйкес электрондық өнеркәсіптің (бағдарламалық қамтылым) өнімдерінің коды (кодтары)	Экономикалық қызметтің жалпы сыныптауышына (ЭҚЖС) сәйкес электрондық өнеркәсіптің (бағдарламалық қамтылым) өнімдерінің коды (кодтары)	электрондық өнеркәсіптің (бағдарламалық қамтылым) өнімдерінің құқық иеленушілері туралы мәліметтер	Интернет желісіндегі құқық иеленушілердің интернет-ресурсы паракшасындағы мекенжайы	құқық иеленушіде (құқық иеленушілерде) бүкіл әлем аумағында және барлық мерзімде бағдарламалық қамтылымға айрықша құқықтың пайда болу негізері туралы мәліметтер	тізіліміге электрондық өнеркәсіптің (бағдарламалық қамтылым) өнімдері туралы мәліметтерді енгізу жеңінде уәкілетті орган актісінің күні мен нөмірі	тізіліміне енгізілген өзгертулер күні мен мазмұны туралы мәліметтер (болған жағдайда)	ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сенімділік деңгейіне сәйкестік күәлігінің болуы туралы мәліметтер (КР СТ 5408) (сертификат нөмірі, берілген күні, ұйым)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарына 2-қосымша

Нысан

Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу туралы өтінім

_____
(уәкілеттік органның атауы)
_____
(заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның ТАӘ)
_____
(электрондық өнеркәсіп өнімінің (бағдарламалық қамтылымның) толық атауы)

Өтінім беруші туралы мәліметтер:
заңды тұлғаның толық атауы:
_____
қызметінің түрі
_____
БСН/ЖСН
_____
басшының ТАӘ
_____
тіркелген заңды мекенжайы:
_____
байланыс тел.(факс) нөмірлері:
_____
интернет-ресурсының мекенжайы:
_____
Өтінімге қоса беріледі:
1) _____
2) _____
_____
(заңды тұлғалар үшін: қолданыстағы сенімхат негізінде заңды тұлғаның атауы және басшының немесе заңды тұлға өкілінің ТАӘ (сенімхаттың берілген күні және нөмірі))

_____ 20 __ жылғы «____» _____.
(қолы)

М.П. (болған жағдайда)

Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарына 3-қосымша

Нысан

Кепілдік міндеттемелер (өтініш берушінің растауы)

_____
(заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның ТАӘ)
_____
(электрондық өнеркәсіп өнімінің (бағдарламалық қамтылымның) толық атауы)

Жоғарыда көрсетілген электрондық өнеркәсіп өнімі (бағдарламалық қамтылым) Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы «28» наурыздағы № 53/НҚ бұйрығымен бекітілген электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларында, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарының 20-тармағында көзделген өлшемшарттарға сәйкес келетіні, сондай-ақ үшінші тұлғалардың заңды наразылығынан босатылғандығы расталады.

Сонымен қатар электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу туралы өтінімге қоса берілген мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы расталады.

Осы кепілдік міндеттемелерден туындайтын барлық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасы заңнамасымен реттеледі.

Кепілгердің қолы және мөрі:
_____
(лауазымы)
_____ 20 __ жылғы «____» _____.
(қолы)

М.О. (болған жағдайда)

Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарына 4-қосымша

Нысан

Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның
сенім білдірілген өнімінің тізіліміне өзгертулер (толықтырулар)
енгізу туралы өтінім

_____
(уәкілеттік органның атауы)
_____
(заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның ТАӘ)

Өзгертулер (толықтырулар) енгізілетін реестрлік жазбаның атауы мен мазмұны:
_____
Жаңа редакциядағы реестрлік жазбаның атауы мен мазмұны:
_____
Мәлімделген өзгертулердің (толықтырулардың) себебі:
_____
өтінім беруші туралы мәліметтер:
_____
байланыс тел.(факс) нөмірлері:
_____
1)
_____
2)
_____
(заңды тұлғалар үшін: қолданыстағы сенімхат негізінде заңды тұлғаның атауы және басшының немесе заңды тұлға өкілінің ТАӘ (сенімхаттың берілген күні және нөмірі))

_____ 20 __ жылғы «____» _____.
(қолы)

М.О. (болған жағдайда)

***Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет